



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЯСАТТАҒЫ ЖАҢА СЕРПІН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ астанасы Вашингтон қаласына жұмыс сапарымен барды.

Сапар аясында Президент Бейбітшілік кеңесінің алғашқы отырысына қатысып, бірқатар елдің көшбасшыларымен, сондай-ақ АҚШ-тың ресми тұлғаларымен кездесу өткізді.

Алдымен Қасым-Жомарт Тоқаев Америка Құрама Штаттарында тұратын және білім алып жүрген Қазақстан азаматтарымен кездесті. Әңгімелесу барысында Мемлекет басшысы өскелең ұрпаққа үлкен үміт артатынын айтты. Сондай-ақ мемлекет жастарға ұдайы қолдау көрсетіп, олардың жан-жақты дамуына және қабілет-қарымын ұштауға қолайлы жағдай жасайтынын жеткізді.

Президент наурыз айында Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы жобасы бойынша өтетін жалпыхалықтық референдумның ел болашағы үшін тарихи маңызы зор екеніне назар аударды.



Студенттер мен жас зерттеушілер ғылым және білім саласына жан-жақты қолдау көрсеткені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа ризашылық білдірді.

Бұдан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев Бейбітшілік кеңесінің алғашқы отырысына қатысып, сөз сөйледі. Мемлекет басшысы саммитке қатысушыларға ілтипат білдіріп, осы тарихи іс-шараны ұйымдастырғаны үшін АҚШ Президенті Дональд Трампқа алғыс айтты.

БЕЙБІТШІЛІККЕ БЕРІК НЕГІЗ ҚАЛАНАДЫ

– Дональд Трамп атындағы Бейбітшілік институтында өтіп жатқан кездесуіміз батыл әрі прагматикалық әрекеттер шешуші рөл атқаратын кезеңмен тұспа-тұс келіп отыр. Бұл – түпкі мәні игі тілекке ғана негізделген қарар қабылдайтын конференция емес, керісінше, нақты әрі мақсатты шаралар арқылы бейбіт әлем құруға үлес қосатын жиын. Президент мырза, Сіздің жаһандағы бейбітшілік пен тұрақтылықты ілгерілетуді көздейтін айқын мұратыңыз бен көреген қадамдарыңыз еліміздің Бейбітшілік кеңесіне қосылуына түрткі болды, – деді Президент.

(Жалғасы 2-бетте)

ЕҢБЕК ЗАҢЫНДАҒЫ ЕЛЕУЛІ ӨЗГЕРІС



Жаңа заң жобасына сәйкес, жұмыс беруші мен жұмысшының қарым-қатынасында еңбек шартының кем дегенде бір белгісі болса, онда азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт жасасуға тыйым салынбақ. Ондаған мың адам толыққанды әлеуметтік кепілдіктерге ие болуға тиіс. АҚС шарты әдетте уақытша жұмысты орындайтын мамандармен ғана бекітіледі. Жұмыскер бір жұмыс берушіге тұрақты әрі ұзақ уақыт істесе, Еңбекмині жұмыс берушіден оны штатына алуы керектігін ескертеді. Бірақ жаңа заңда айыппұл не басқа жаза қарастырылмапты. Яғни, компания бұл талапты орындамаса, жазаға тартылмайды.

→ 6

«ҚЫЗЫЛДЫҢ» ҚҰНЫ ҚАЛТАҒА АУЫР

Біздегі сиыр еті кейбір Еуропа, Азия және Таяу Шығыс елдеріне қарағанда қымбат. Мысалы, Біріккен Араб Әмірліктерінде бір келі сиыр еті 12,5 доллар тұрады – бұл Қазақстандағы бағадан шамамен 17 пайызға арзан.

→ 5



МҰЗ БЕТІНДЕГІ МҰҢ

Төртжылдықтың басты додасында Михаил Шайдоров бөркімізді аспанға лақтыртып еді. Енді Мишаның ізін жалғап Софья Самоделкина да өз өнерімен көпті тәнті етті. Қайсар қызымыз өз нәтижесін жаңартып, Олимпиада алдында қойған мақсатын орындады. Отандасымыз осы жарыста бар күшін салғанын айтып, жанкүйерлерге ыстық лебізін жеткізді.

→ 16



АҚОРДА

21 АҚПАН 2026 | СЕНБІ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЯСАТТАҒЫ ЖАҢА СЕРПІН

(Басы 1-бетте)

Президент Бейбітшілік кеңесі көпжакты күш-жігердің әлеуетін арттыратын, заман талабына сай ұйым деп санайды.

— Әлемде мұндай бастама көтерілген жоқ. Расында, бұл бұрын-соңды болмаған бетбұрыс. Өйткені бірге күш-жігер жұмылдырудың арқасында «Жасампаздық арқылы бейбітшілік» атты жанашыл тұжырымдаманы немесе жобаны іске асыруға барлық мүмкіндік бар. Сондықтан, Президент мырза, Сіздің нақты іс-әрекет қана бейбітшілікке берік негіз қалайды деген ұстанымыңызды толық құптаймын, — деді Мемлекет басшысы.

Президент еліміз Газа секторындағы ахуалды тұрақтандырып, аймақты қалпына келтіру жұмыстарына атсалысуға дайын екенін жеткізді.

— Қазақстан іскерлік және кәсіби беделі жоғары деңгейдегі халықаралық компанияларды тарта отырып, аймақты қайта қалпына келтіру және құрылыс жұмыстарына қатысуға ниетті. Бұл бағдарлама бойынша инфрақұрылым жасақтауға, үйлер мен тұрғын үй кешендерін, мектептер, ауруханалар және басқа да маңызды әлеуметтік нысандарды салуға болады. Әлемдегі ең ірі бидай өндірушілердің бірі саналатын еліміз Газа мен одан тысқары жерлердегі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін гуманитарлық көмек көрсетуге дайын. Қазақстан палестиналық студенттердің университеттерімізде білім алуы үшін бес жыл бойы 500-ден аса оқу грантын бөлуді жоспарлап отыр. Біз халықаралық деңгейде мойындалған электрондық үкімет саласындағы тәжірибемізбен және басқа да цифрлық шешімдермен бөлісе аламыз. Қазақстан Халықаралық тұрақтандыру күштерін қолдауға әзір. Яғни, далалық госпиталь құру үшін бір топ медицина маманын, сондай-ақ Азаматтық-әскери үйлестіру орталығына бақылаушылар жіберуге даяр, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, Таяу Шығыстағы орнықты дамуды қамтамасыз ету үшін аймақта бейбітшілік пен ынтымақтастықты, өзара сенімді нығайтуды көздейтін жана тәсілдер қажет.

— Аталған ұстанымға арқа сүйей отырып, Қазақстан Ибраһим келісімдеріне қосылу жөнінде шешім қабылдады. Осылайша, біз аймақта және одан тысқары жерлерде прагматикалық экономикалық әрі гуманитарлық ынтымақтастыққа үлес қосамыз. Бұл Бейбітшілік кеңесінің ізгі мұратына толық сай келеді, — деді Президент.

Кенестің жаһандық күн тәртібін ескере отырып, Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанда түрлі деңгейдегі кездесулер өткізу арқылы бұл бастамаға нақты қолдау көрсетуге дайын екенін растады.

— Сонымен қатар Бейбітшілік кеңесі аясында Президент Трамп атындағы арнайы награданы бекітуді ұсынамын. Бұл — оның бейбітшілікті ілгерілету ісіндегі ғаламат жетістіктеріне көрсеткен құрметіміз болмақ. Сіздің тегеурінді әрі көреген басшылығыңызбен Кеңес өзінің тарихи ізгі миссиясын абыроймен атқаратынына сенімдімін, — деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Дональд Трамп Газадағы тұрақтылықты қамтамасыз етуге және қалпына келтіруге атсалысқаны үшін Бейбітшілік кеңесінің алғашқы отырысына қатысушыларға шынайы ризашылығын



білдірді. АҚШ Президенті Кеңеске қатысушы елдердің басшыларын таныстыру барысында Қазақстанды керемет әрі бай ел ретінде сипаттады.

Дональд Трамп Саммитке келген мемлекеттер басшыларын шешімтал әрекеттері арқылы бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайтуға, халықаралық диалогты дамытуға елеулі үлес қосқан нағыз жаһандық ауқымдағы көшбасшылар деп атады.

Жоғары деңгейдегі іс-шара барысында Бейбітшілік кеңесінің атқарушы органдарының мүшелері баяндама жасады. Жиынға қатысушыларға Газа секторын қалпына келтіру, соның ішінде инфрақұрылымды дамыту, қауіпсіздікті қамтамасыз ету және халықаралық қаржыландыру жоспары таныстырылды.

Жоғарғы атқарушы кеңестің мүшесі Джаред Кушнер Газаны дамытуға арналған бас жоспар туралы мәлімет беріп, аймақ тұрмыс-тіршілікке және экономикалық өрлеуге қолайлы жағдай жасайтын заманауи кеңістікке айналуға тиіс екенін атап өтті.

Дүниежүзілік банк төрағасы Аджай Банга Бейбітшілік кеңесінің қаржы механизмдері ашықтыққа және қаржыны нақты мақсаттарға бөлу қағидаттарына негізделетінін жеткізді.

Ал Халықаралық тұрақтандыру күштерінің жетекшісі, генерал Джаспер Джефферс Газадағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету шаралары жөнінде айтты.

Газаны басқару жөніндегі ұлттық комитеттің басшысы Али Шаат қайта қалпына келтіру жұмыстарын үйлестіру және халықаралық серіктестермен ықпалдастық тәсілдерін ұсынды.

ЭКОНОМИКАНЫ ЖАҢҒЫРТУҒА ЖОЛ АШҚАН БАСТАМАЛАР

Сапар кезінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев U.S. International Development Finance корпорациясының (DFC) атқарушы директоры Бен Блэкті қабылдады.

Беделді халықаралық қаржы институты басшысымен кездесуде инвестициялық ынтымақтастықты кеңейту және бірлескен жобаларды жүзеге асыру перспективасы талқыланды.

Мемлекет басшысы корпорацияны Қазақстанның орнықты дамуындағы маңызды серіктесі деп атап, экономиканың түрлі секторындағы ықпалдастықты тереңдетуге әзір екенін растады.

Бен Блэк Президент Дональд Трамп пен оның әкімшілігі Қазақстанмен тығыз әрі өзара тиімді ынтымақтастықты нығайтуға баса мән беретінін айтты.

Осы орайда ол аймақтық және өңіраралық сауданы кеңейтуде стратегиялық маңызға ие тау-кен өндірісі, көлік-транзит инфрақұрылымы салаларында бірлескен жобаларды жүзеге асырудың мүмкіндігі мол екеніне назар аударды.

АҚШ-қа жұмыс сапары аясында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев авиация, қорғаныс және ғарыш техникаларының шығаратын Boeing трансұлттық корпорациясының басшылығымен кездесті.

Президент отандық Air Astana, SCAT және Vietjet Qazaqstan компаниялары еліміздегі авиация саласын дамытуда ерекше маңызға ие ортақ жобаларды одан әрі ілгерілетуге мүдделі екенін атап өтті.

Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев Air Astana мен Boeing арасында ұшақ жеткізу бойынша келісімге қол қойылғанын құптады. Биыл жыл соңына дейін Құрама Штаттарға тікелей әуе қатынасын ашу мақсатында Boeing 787 Dreamliner ұшақтары елімізге жеткізіледі деп жоспарланып отыр. Бұдан бөлек, SCAT әуе компаниясы қосымша Boeing ұшақтарын сатып алмақ. Сондай-ақ америкалық корпорациямен серіктестік негізінде Шымкент әуежайында алғашқы техникалық қызмет көрсету және жөндеу орталығын ашу мүмкіндігі қарастырылып жатыр.

Джефф Шоки компанияның цифрландыру саласындағы жоспарын бөлісіп, Қазақстанның көлік-транзит әлеуетіне жоғары баға берді. Оның айтуынша, әуемен жүк тасымалдау бағытында нәтижелі ықпалдастық орнатуға мүмкіндік мол.

Сонымен қатар кездесу барысында авиация саласына маман даярлау және еліміздегі жүк тасымалдаушы ұшақтар паркін дамыту перспективасы талқыланды.

Бұдан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ashmore Group халықаралық инвестиция-

лық компаниясының басшысы Марк Кумбс өзара тиімді бірлескен жобаларды іске асыру мәселелерін талқылады.

Президентке Ashmore Healthcare International компаниясы мен «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС-ның бірлесіп, Қазақстанда халықаралық клиника салу жоспары жөнінде мәлімет берілді. Бұл бастамаға әлемдік деңгейдегі медицина операторы — Mount Sinai Health System компаниясын тарту көзделген.

Мемлекет басшысы Үкіметтің аталған маңызды жобаға жан-жақты қолдау көрсетуге дайын екенін айтты.

Марк Кумбс Қазақстан экономикасының стратегиялық секторларында ынтымақтастық орнату үшін зор әлеует бар екеніне назар аударды. Сонымен қатар экономиканың басымдыққа ие және жоғары технологиялы салаларын дамытуға бағытталған Ашық инвестициялық серіктестік бағдарламасы аясындағы ықпалдастық перспективасы жайында пікірін бөлісті.

Келесі кезекте Қасым-Жомарт Тоқаев Mars компаниясының бас атқарушы директоры Пол Вайраухты қабылдады.

Президент Қазақстанның Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Mars компаниясы арасында жалпы сомасы 180 миллион долларға жуықтайтын инвестициялық келісімге қол қойылғанын құптады.

Мемлекет басшысының пікірінше, бұл уағдаластық маңызды стратегиялық серіктестіктің бастауы саналады және Қазақстан мен АҚШ арасындағы ынтымақтастықтың деңгейі жоғары екенін көрсетеді.

Жоба аясында Mars компаниясы Алатау қаласында үй жануарларына арналған азық өндіретін зауыт салады. Өндіріс орны агроөнеркәсіп шикізатын терең өңдеуге және қосылған құны жоғары тауар өндіруге септігін тигізеді.

Пол Вайраух өзара тиімді инвестициялық келісімді жүзеге асыруға қолдау көрсеткені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты. Ол аталған бастама Mars компаниясының өндірістік әлеуетін кеңейтуге және Орталық Азия мен көршілес аймақтар нарығына өнім шығару көлемін арттыруға мүмкіндік беретінін жеткізді.

СЕНАТ

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ ЕРЕЖЕЛЕРІН ТҮСІНДІРУ ҮШІН ӨҢІРЛЕРГЕ БАРАДЫ



Парламент Сенатының Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата отырысы өтті. Онда күн тәртібіне шығарылған заңдар қаралды және Конституциялық заң жобасы бойынша Парламент палаталарының бірлескен комиссиясының құрамы жаңартылды. Сондай-ақ іс-шарада сенаторлар депутаттық сауалдарын жолдады.

Отырыс барысында палата Спикері 19 ақпан мен 5 наурыз аралығында сенаторлар халықпен кездесу және азаматтарға жаңа Конституция жобасының негізгі ережелерін түсіндіру үшін өңірлерге баратынын атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Жарлығына сәйкес 15 наурызда жаңа Конституция жобасына байланысты республикалық референдум өтеді. Осыған орай депутаттар конституциялық реформалардың мәнін халыққа түсіндіру үшін өңірлерге барады. Кездесулерде халықпен ашық диалог құрып, конституциялық өзгерістер – Президентіміздің саяси бағдарының жүйелі жалғасы және «Әділетті Қазақстан» тұжырымдамасының институционалдық негізі екеніне баса мән беру қажет. Қолға алынған бастамаларды азаматтардың дұрыс түсініп, қабылдауы – реформаларды табысты жүзеге асырудың басты кепілі», – деді Мәулен Әшімбаев.

Палата отырысында сенаторлар «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық заң жобасы бойынша Парламент палаталарының бірлескен комиссиясының құрамын бекітті. Осылайша, комиссияның бұрын бекітілген құрамына Сенаттан Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Советбек Медебаев қосылды. Ал бұған дейін палата атынан аталған құрам мүшесі болған Наурызбай Байқадамов жаңа лауазымға тағайындалуына байланысты комиссиядан шыққан еді.

Күн тәртібінде қаралған келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы жаңартылатын энергия көздері саласындағы жобаларды іске асыру туралы келісімді ратификациялау туралы» заң. Іс-шарада бұл жобаларды іске асыру энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, «жасыл» технологияларды енгізуге және парниктік газдар шығарындыларын азайтуға ықпал ететіні айтылды.

«Қаралған заң еліміздің аумағында жанар-тылатын энергия көздері саласындағы ірі жобаларды ілгерілету үшін әзірленген. Осы мақсатпен келісім аясында ірі жобаларды іске асырудың негізгі шарттары мен тәртібі анықталып отыр. Мақұлданған заң жаңартылған энергия көздерінен алынатын энергияның үлесін арттыруға, инновациялық технологияларды енгізуге және зиянды қалдықтардың көлемін қысқартуға мүмкіндік береді деп сенеміз», – деді Сенат Төрағасы.

Келісім аясында Қарағанды, Түркістан және Павлодар облыстарында жел және күн электр

стансаларын салу көзделген. Әр нысан энергия өндірумен қатар оны жинақтауға арналған инфрақұрылымды қамтитын жоғары технологиялық кешен ретінде құрылмақ. Ынтымақтастықтың маңызды шарты – ұзақмерзімді тұрақтылық: яғни, аталған жобалар аясында электр энергиясын сатып алу жөніндегі шарттар 25 жылға есептелген.

Сонымен қатар туризм және балалар спорты мәселелеріне қатысты заңнамалық түзетулер де қаралды. Сенаторлар мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне туристік саланы және балалар спортын қолдау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң мемлекеттің стратегиялық басымдықтары – ұлттық экономиканы әртараптандыруды және адам капиталын дамытуды іске асыруға арналған. Бұл ретте сөз туристік саланы және балалар-жасөспірімдер спортын дамыту үшін ұзақмерзімді құқықтық база қалыптастыру, сондай-ақ экономикалық өсу, әлеуметтік даму және халықтың өмір сүру сапасын арттыру үшін жағдай жасау туралы болып отырғанын атап өткен жөн.

«Қаралған заң туристік саланы, сондай-ақ балалар мен жасөспірімдер спортын қолдауды реттейтін заңнаманы одан әрі жетілдіруге бағытталған. Туризм саласында қолайлы инвестициялық ахуал қалыптастыру үшін қолданыстағы нормаларды жаңарту және жаңа тетіктер енгізу көзделіп отыр. Мақұлданған заң туризм саласын экономиканың басым бағыттарының біріне айналдыруға және балалар мен жасөспірімдер спортын дамытуға оң септігін тигізеді деп сенеміз», – деді Мәулен Әшімбаев.

Мақұлданған заң арқылы туризм және спорт салаларын жүйелі жаңғыртуға бағытталған Қазақстан Республикасының 13 заңнамалық актісіне өзгерістер енгізіледі. Атап айтқанда, бюджеттік және бюджеттен тыс қаражатты жұмсаудың ашықтығын қамтамасыз ету үшін спорт саласындағы бюджеттен тыс қаражатты бөлу жөніндегі бірінші оператордың қаржылық есептілігінің міндетті жыл сайынғы аудиті бойынша норма енгізілді. Сондай-ақ балалар-жасөспірімдер спорт мектептерінің (БЖСМ) мәртебесі қосымша білім беру ұйымы ретінде бекітіліп, жан басына шаққандағы қаржыландыру нормативі мен мемлекеттік тапсырыстың бірінші қағидалары қарастырылды. Деректерді есепке алу және талдау үшін дене шынықтыру мен спорттың цифрлық платформасы құрылады. Осыған байланысты мемлекеттік спорт ұйымдарының деректерді цифрлық платформаға беру міндеті белгіленді.

Палата отырысында сенаторлар өздерінің депутаттық сауалдарын да жолдады.

ЖАҢА
КОНСТИТУЦИЯ

ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ КОАЛИЦИЯ
«ӘДІЛЕТТІ ЖӘНЕ ПРОГРЕССИВТІ
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚТЫҚ
КОНСТИТУЦИЯСЫ ҮШІН»

15
НАУРЫЗ
referendum2026.kz



Әрқайсымыздың
дауысымыз маңызды!

15 НАУРЫЗ
РЕФЕРЕНДУМ

«Республикалық референдумға
қатысу құқығы бар азаматтар тізіміне
енгізілуін тексеру туралы»

2026 жылғы 15 наурызға тағайындалған республикалық референдумда дауыс беру күніне 18 жасқа толған Қазақстан Республикасы азаматының қатысуға құқығы бар. Тізімдерді әкімдіктер нақты дауыс беру учаскесінің аумағындағы тұрғылықты мекенжайыңыз бойынша Сіздің тұрақты тіркелуіңіздің негізінде жасайды. Егер тұрақты тіркелуіңіз болмаса, Сіз референдум тағайындалған сәттен бастап, тиісті жергілікті атқарушы органда дауыс беруші ретінде тіркеле аласыз. Дауыс беру учаскелері тиісті әкімдердің шешімдерімен құрылады және олардың шекаралары бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

2026 жылғы 27 ақпаннан бастап Сізге өз учаскеңізде республикалық референдумға қатысуға құқылы азаматтардың тізімінен өзіңіз туралы деректерді тексеру мүмкіндігі берілетін болады. Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан Республикасының
Орталық референдум комиссиясы

www.election.gov.kz

БАҒДАР

21 АҚПАН 2026 | СЕНБІ



«АМАНАТ» партиясының Хатшысы Эльдар Жұмағазиевтің төрағалығымен Кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі республикалық үйлестіру кеңесінің кезекті отырысы өтті. Жиынға Ұлттық экономика вице-министрі Ерлан Сағынаев, салалық қауымдастықтардың өкілдері және «Атамекен» ҰКП қатысты.

Кеңес құрылған сәттен бастап өңірлер мен бизнес-қоғамдастықтан 170-ке жуық өтініш түсті. Оның ішінде 62 мәселе

жүйелі сипатқа ие деп танылып, әрі қарай пысықтау үшін тізілімге енгізілді. Бірқатар мәселе оң шешіліп, кейбір бағыт про-

КӘСІПТІК САЛАДА ЖАН-ЖАҚТЫ ӨЗГЕРІСТЕР ҚАЖЕТ

фильді министрліктермен бірлесіп қарастырылуда.

Партия Хатшысы көтерілген мәселелерді жан-жақты қарастырудың маңызын атап өтіп, ведомствоаралық жұмысты жеделдету қажетін және келесі отырысқа дейін барлық мәселе бойынша негізделген, мазмұнды шешімдер ұсыну керектігін жеткізді.

Сонымен қатар жиында жасанды интеллект технологиялары негізінде әзірленген «Ашық Аманат» талдау платформасының таныстырылымы болды. Бұл платформа кәсіпкерлердің өтініштерін жүйелеп, қайталанатын мәселелерді анықтауға және оларды нормативтік тұрғыда реттеу бойынша ұсыныстар қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде шешім қабылдау тиімділігін арттырып, ашық диалогты нығайтады.

Отырыс барысында кеден органдарындағы тәуекелдерді басқару жүйесінің қолданылуы, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасын реттеу, магистралды теміржол желісі қызметтеріне тарифтердің өсуі, жеке индустриялық аймақтарды қолдау, сондай-ақ агроөнеркәсіптік кешенді қаржыландыру құралдарын салалық ерекшеліктерге бейімдеу мәселелері қаралды.

Сондай-ақ отандық тауар өндірушілер тізілімінің жұмысына да ерекше назар аударылды. Талқылау барысында техникалық тұрақтылық, ел ішіндегі қосылған құн үлесін есептеу әдістемесі, цифрлық алгоритмдердің ашықтығы және олардың мемлекеттік сатып алуға қатысуға ықпалына қатысты мәселелер көтерілді. Жиынға қатысушылар бұл бағыттарды профильді ведомство-

лармен бірлесіп қосымша қарастыруға келісті.

Республикалық сүт палатасы да саладағы статистикалық есептілікті жетілдіру, деректердің салыстырмалылығын қамтамасыз ету және нарықтың ашықтығын арттыру мәселесін көтерді.

Отырыс қорытындысы бойынша кәсіпкерлердің ұсынысы одан әрі пысықтауға қабылданып, тиісті мемлекеттік органдардың бақылауына алынды. Келесі кеңейтілген отырысты Премьер-Министрдің орынбасары — Ұлттық экономика министрінің қатысуымен өткізу жоспарлануда.

«АМАНАТ» партиясы бизнес пен мемлекет арасындағы сындарлы диалогты нығайту бағытындағы жүйелі жұмысын жалғастырып, нақты шешімдер мен экономиканың тұрақты дамуына басымдық беретін болады.

МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Мәжіліс депутаты, «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі Данабек Исабек бастаған «Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» Жалпыұлттық коалициясының мүшелері Шымкент қаласындағы №13 қалалық емханасына барып, медицина қызметкерлерімен кездесті.



Жұмыс тобы құрамында қалалық мәслихат депутаты Қайрат Имашев пен «АМАНАТ» партиясы Тұран аудандық филиалының атқарушы хатшысы Есімхан Бертаев болды. Кездесудің негізгі мақсаты — Конституцияның жаңа жобасын таныстыру және 15 наурызда өтетін жалпыхалықтық референдумның маңызын түсіндіру.

Жиын барысында Данабек Исабек жаңа редакциядағы Ата Заңның басты ерекшеліктеріне кеңінен тоқталды. Оның айтуынша, құжат ең алдымен адами құндылықтарға және азаматтардың құқықтарын қорғауға айрықша басымдық береді.

— Бұл заң жобасы уақыт талабына толық жауап береді. Бұған дейінгі Конституция өз миссиясын атқарды. Алайда қоғам дамыды, жаңа ұғымдар мен құндылықтар қалыптасты. Сол өзгерістерді құқықтық тұрғыда реттеу үшін негізгі құжатты жанарту қажеттілігі туындап отыр, — деді депутат.

Сонымен қатар ол заң шығарушы орган құрылымындағы өзгерістерге де тоқталды. Бір палаталы жүйеге көшу заң қабылдау үдерісін жеделдетіп, оның сапасын арттыруға мүмкіндік береді деген пікір білдірді.

Депутат сондай-ақ Жоғарғы Сот Төрағасының Президент

тарапынан алты жылға бір рет қана тағайындалуы құқықтық жүйенің ашықтығы мен әділдігін қамтамасыз етуге бағытталғанын атап өтті. Бұл норма бір адамның ұзақ уақыт жоғары лауазымда отыруының алдын алып, жеке мүдделер ықпалын азайтуға мүмкіндік береді.

Өз кезегінде Қайрат Имашев жаңа жобадан қарастырылған «Миранда ережесінің» енгізілуін маңызды жаңалықтардың бірі ретінде атады.

— Жаңа Конституцияда «Миранда ережесі» бекітіліп отыр. Бұл норма бойынша күдікті ұсталған сәттен бастап оның барлық құқығы толық түсіндірілуге тиіс. Егер бұл талап орындалмаса, тергеу әрекеттері заңсыз деп танылуы мүмкін. Мұндай тетік азаматтарды негізсіз қысымнан қорғап, әділдік қағидатын күшейтеді, — деді ол.

Кездесу барысында медицина қызметкерлері жаңа жобаның денсаулық сақтау саласына ықпалына, азаматтардың әлеуметтік кепілдіктеріне қатысты сауалын қойды. Делегация мүшелері барлық сұраққа нақты жауап беріп, конституциялық реформаның қоғам өміріне тигізетін әсерін түсіндірді.

Жиын соңында коалиция өкілдері қатысушыларды алдағы референдумда белсенділік танытып, өз таңдауларын жасауға шақырды. Медицина саласының мамандары тарихи маңызы бар саяси науқанда бейжай қалмайтынын жеткізді.

БІР ТОЛҚЫНДА: ЖАСТАР МЕН ҚОҒАМ

«Жастар Рухы» жастар қанаты Ақтөбе облыстық филиалы Бір толқында атты ашық диалог алаңын ұйымдастырды. Жиынға «АМАНАТ» партиясы Ақтөбе облыстық филиалының төрағасы Ербол Данағұлов, «Жастар Рухы» жастар қанатының төрағасы Ақерке Искандерова қатысты.



«АМАНАТ» партиясы Ақтөбе облыстық филиалының төрағасы Ербол Данағұлов жастарды әрдайым белсенді болуға, жаңа идеялар ұсынуға және қоғамдық іс-шараларға белсенді қатысуға шақырды.

Білімдеріңіз бен азаматтық ұстанымдарыңыз еліміздің дамуына үлкен серпін береді. Алдағы 15 наурызда еліміздің жаңа Конституция жобасын қабылдау бойынша жалпыхалықтық референдум өткізіледі. Сіздерді осы маңызды саяси науқанға белсенді қатысуға шақырамын.

Жаңа Конституция жобасында білім мен ғылым және инновациялар мен технологиялық даму мемлекеттің стратегиялық бағыты ретінде алғаш рет айқын бекітілді. Ата Заң деңгейінде адам капиталын дамытуға басымдық беріліп, зияткерлік меншік құқығын қорғау мен цифрлық ортадағы азаматтардың құпиялылығына кепілдік беріледі, — деді филиал төрағасы.

«Жастар Рухы» жастар қанатының төрағасы Ақерке Искан-

дерова жастар әрдайым қоғамның қозғаушы күші екенін, озық ұлт қалыптастыру үшін жастардың сапалы білім, саналы тәрбие алуы қажеттігін алға тартты.

— Болашақ жастардың қолында. Сондықтан қоғамда болып жатқан оқиғаларға араласып, белсенді болыңыздар. Конституцияның жаңа жобасын мұқият оқып шығыңыздар. Онда әр азаматтың құқығы, мүмкіндіктері және еліміздің даму бағыты айқын көрсетілген. Қазір әлеуметтік желілерде түрлі пікір, кейде шынайы ақпаратқа негізделмеген тұжырымдар тарауда. Жастарды біржақты көзқарасқа ермеуге, міндетті түрде фактчекинг жасап, ақпараттың рас-өтірігін тексеруге шақырамын. Алда референдум. Бұл — әр азаматтың өз ұстанымын білдіретін маңызды науқан. Әрқайсысымыз саналы түрде таңдау жасап, азаматтық позициямызды көрсетуіміз қажет, — деді ол.

Кездесу соңында жастар спикерлерге сұрақ қойып, ұсыныс-пікірлерін айтты.

Бетті дайындаған Елнар ЕЛТАЙ

МӘСЕЛЕ

21 АҚПАН 2026 | СЕНБІ

Қымбатшылық толқыны қазір барлық салаға әсерін тигізуде. Тіпті әлеуметтік маңызы бар тауарлардың өзі де қара халықтың қалтасына ауыр соға бастады. Соның бірі – қазақ айтпақшы, «жесең тісіңе, жемесең түсіңе кіретін» ет. Жақында «Бәйтерек» холдингінің басшысы Рустам Қарағойшин «Қазақстанда еттің бағасы, шын мәнінде, төмен» деп көпті таңғалдырған болатын.



«ҚЫЗЫЛДЫҢ» ҚҰНЫ ҚАЛТАҒА АУЫР

А Кәмила ДҮЙСЕН

Елдегі ет бағасы жарты центке де жетпейді деген шенеунік нарық құнынан хабарсыз секілді көрінді. Өйткені мұндай баға берекелі де мерекелі 2010 жылдардың өзінде де болмаған. Мұны Ranking орталығының мамандары саралап білді.

«2010 жылдың қаңтарында ресми статистика бойынша бір келі сиыр еті 641 теңге тұрған. Ол кездегі бағаммен есептегенде шамамен 4,5 доллар. Яғни, сол жылдардың өзінде ет жарық цент болмаған. Халықаралық деректерге сүйенсек, Африка елдерінің өзінде сиыр етінің бағасы кемінде 5,4 доллардан басталады», – делінген сараптама орталығының мәлімдемесінде.

Ұлттық статистика бюросының ескі деректеріне сәйкес, сиыр етінің бір келісі 214 теңге болған кезең 2000 жылдың наурыз айына сәйкес келеді. Яғни, бұдан ширек ғасырға жуық уақыт өткен. 2026 жылдың ақпанының басында сүйексіз сиыр етінің орташа бағасы 4 900 теңгеге жетті. Жылқы еті – 4 100 теңге, қой еті – 3 900 теңге.

«ХАЛЫҚ ЕТ ЖЕУДІ, ҚАСАП МАЛ СОЮДЫ ҚОЯДЫ-АУ...»

Ақпанда ірі қалаларда сиыр еті өткен жылмен салыстырғанда, орта есеппен 26,8 пайызға өсті. Кейбір өңірлерде өсім тіпті қатты сезілген: Жезқазғанда баға бір жылда 48,2 пайызға, Көкшетауда 40,9 пайызға, Түркістанда 37,2 пайызға көтерілген. Баға шарықтауы былтырғы қыркүйектен бастап үдей түсті. Ол кезде жылдық өсім 19 пайыз шамасында еді, ал желтоқсанға қарай 22,6 пайызға жетті. Әсіресе, сиыр мен қой еті қатты қымбаттады.

Бұл көрсеткіштер елдегі ірі қалалар мен облыс орталықтарындағы бағаларды қосып есептегендегі орташа сан. Мысалы, Алматыда бір келі сүйексіз сиыр еті орта есеппен 5 100 теңге тұрады. Ал нақты дүкенге барсаңыз, баға одан да жоғары болуы мүмкін: қарапайым төс еті 5 мың теңгеден басталса, жамбас еті 11 мың теңгеге дейін барады. Ең қымбат қала – Астана. Мұнда орташа баға 6 100 теңге. Петропавлда – 5 600, Қонаевта – 5 200 теңге. Ал салыстырмалы түрде арзан өңірлер – Павлодар (4 100 теңге), Семей мен Талдықорған (шамамен 4 200 теңге).

Мал бордақылап күнелтіп отырған ауыл тұрғындары да мәселе жауын арада шешімін таппаса, ел ет жеуден қала ма деп алаңдаулы. Мысалы, қасапшы Оспан Жұмаділлаев бағаны көтере

алмаймыз, үстінен қалатын аулақ ақшаны қанағат тұтып отырмыз деген уәж айтып отыр.

– Ауылда мал бордақылап, соғымға жылқы соямыз. Бірақ қазір малдың өзі де, жем-шөбі де қатты қымбаттап кетті. Бұрынғыдай емес, әр шығынды есептеп отырамыз. Жылқыны сатып аламыз, жем-шөпті сырттан тасимыз – бәрі ақша. Соның бәрін қосып, малды бағып-қағып, семіртіп, жілікке бөліп сатамыз. Бірақ бағаны 3 000-3 200 теңгеден асыра алмаймыз. Одан жоғары қойсақ, халықтың қалтасы көтермейді. Оны да түсінеміз. Бірақ бағаны осылай ұстап тұру бізге де оңай емес. Шығынымызды әрең жауып, үстінен аз ғана тиын қалады. Соған шүкір деп отырмыз. Бұрынғыдай пайда көріп жатырмыз деп айта алмаймыз, – дейді ол.

Қасапшының сөзінше, қазір бәрі қымбат – жем-шөп те, жанармай да, жұмыс күші де. Ал еттің бағасын көтерейтін десен, елдің қалтасы көтерейтін де рас.

– Осындай қыспақ жағдайдамыз. Алдағы уақытта не болатынын ешкім нақты айта алмайды. Егер бәрі осы қарқынмен жалғаса берсе, жақында халық ет жеуді, қасап мал союды қояды-ау. Қасапшылықтың да қадірі кете ме деп алаңдаймыз, – дейді ол.

Мұндай жағдай тек бізде емес. Әлемнің өзінде ет бағасы өсіп келеді. Мал азығы, дәрі-дәрмек, тасымал шығындары қымбаттады. Жалпы инфляция да өндіріс шығынын арттырып отыр. БҰҰ-ның Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы келтірген мәліметке қарағанда, өткен жылы әлемде ет бағасының көрсеткіші 116-127 пайыз аралығында болған. 2026 жылдың қаңтарында бұл көрсеткіш 123,8 пайыз деңгейінде тіркелді.

ЕТ БАҒАСЫ ЕУРОПАМЕН ТЕНЕСТІ

Халықаралық Global Product Price порталының мәліметінше, 2026 жылдың қаңтар айында Қазақстан сиыр етінің қымбаттығы бойынша 76 елдің ішінде 42-орында тұрған. Платформа көрсеткен баға – 15,1 АҚШ доллары, яғни шамамен 7 400 теңге. Бұл – қазақстандықтар базар мен дүкендерден

көріп жүрген шынайы бағаларға жақын көрсеткіш.

Қазақстан рейтингтің дәл ортасында тұр. Бірақ біздегі сиыр еті кейбір Еуропа, Азия және Таяу Шығыс елдеріне қарағанда қымбат. Мысалы, Біріккен Араб Әмірліктерінде бір келі сиыр еті 12,5 доллар тұрады – бұл Қазақстандағы бағадан шамамен 17 пайызға арзан. Ал отандық өндірушілер етті дәл осы Әмірліктерге және Үндістанға экспорттауды жоспарлап отыр. Сонымен қатар Словенияда (14,6 доллар), Румынияда (14,2 доллар), Сингапурда (13,7 доллар), Мексикада (12 доллар), Сауд Арабиясында (9,9 доллар) сиыр еті бізден арзан.



Бірақ біздегі сиыр еті кейбір Еуропа, Азия және Таяу Шығыс елдеріне қарағанда қымбат. Мысалы, Біріккен Араб Әмірліктерінде бір келі сиыр еті 12,5 доллар тұрады – бұл Қазақстандағы бағадан шамамен 17 пайызға арзан.

«Бәйтерек» басшысының негізгі ойы – ет бағасының төмен болуы фермерлердің дамуына кері әсер етеді дегенге саяды. Баға тым төмен болса, мал өсірушілер шығынын жаба алмайды, жаңа жобаларға қаржы сала алмайды.

Мұнда шындықтың үлесі болуы мүмкін. Бірақ мәселенің екінші жағы бар: Қазақстанда жалақы ет бағасындай жылдам өсіп жатқан жоқ. Фермерлердің мәселесін халықтың қалтасы арқылы шешу оңай емес. Егер ет бағасы шамадан тыс өссе, адамдар оны аз сатып алады немесе мүлде алмай қояды. Ал бұл халықтың тұрмысына тікелей әсер етеді. Сондықтан басты шешім – халықтың табысын арттыру.

Инвестиция жағына келсек, өткен жылы мал шаруашылығына салынған негізгі капитал көлемі 47,4 пайызға өсіп, 32,7 млрд теңгеге жеткен. Дегенмен бұл өсім 2024 жылғы төмен көрсеткіштен кейінгі қалпына келу кезеңімен

байланысты. 2024 жылы инвестиция көлемі екі есеге жуық қысқарған еді.

Барлық инвестицияның шамамен 73 пайызы ірі қара мал өсіретін кешендерге бағытталған. Бұл бағытта қаржы көлемі 13,6 млрд теңгеден 23,8 млрд теңгеге дейін артқан.

КҮЙГІМІЗДІ «КИІК ЕТІ» БАСА МА?

Мемлекет нарықтағы қысымды азайтудың бір жолы ретінде киік еті ресми айналымға енгізуге бет бұрғандай. Яғни, ірі қара мал еті қымбаттаған кезеңде, билік арзандау балама ұсынып, бағаны белгілі бір деңгейде тұрақтандыруды көздеген сынайлы. Өйткені киік санын реттеу жай ғана әңгіме күйінде қалған жоқ. Соңғы екі жылда бұл мәселе нақты іске ұласты. 2025 жылдан бастап

киік еті ресми түрде дүкен сөрелеріне шығып, арнайы базарларда сатыла бастады. Яғни, бұрын тек табиғатты қорғау тұрғысынан талқанланған тақырып енді экономикалық айналымға енді.

Алдымен дүкендерде киік етінен жасалған консервілер пайда болды. Артынша жаз айларында салқындалатын етті кен көлемде сату жолға қойылды. Осылайша, киік санын реттеу науқаны біртіндеп жүйелі өндіріс үдерісіне айналды. Киікті ату, оны арнайы орындарға жеткізу, сою, тексеру, одан кейін ғана саудаға шығару – бәрі белгілі бір тәртіппен жүргізіледі.

Бұл жұмыс Экология министрлігіне қарасты «Охотзоопром» мекемесінің бақылауында. Оған қоса Сауда министрлігіне қарасты тиісті құрылымдар да қадағалайды. Ел бойынша лицензиясы бар 35 сою нысанының 27-сі іске қосылған. Олар жеті өңірде жұмыс істеп тұр. Барлығы ветеринарлық

талаптарға сай тексерілген, арнайы цехтары мен тоназытқыштары бар.

Ең көп қойылатын сұрақ – жабайы аңның еті қаншалықты қауіпсіз? Ресми мәліметке сүйенсек, сою орындарына 196 мыңнан астам киік жеткізілген. Әрбір тұтас ет міндетті тексерістен өтеді: ішкі ағзалары қаралады, арнайы сынамалар алынады, радиациялық деңгейі өлшенеді. Сараптамадан өтпеген өнім сатылымға жіберілмейді. Ел ішінде 137 мыңнан астам тұтас киік еті саудаға шыққан. Олардың бәріне ветеринарлық анықтама берілген.

Киік етінің көтерме бағасы жария етілмейді. Ал дүкендердегі баға ашық. 2026 жылдың басында бір келі киік еті 1 300-2400 теңге аралығында сатылып жатыр. Көбіне 1600-1800 теңге шамасында. Бұл сиыр етімен салыстырғанда, әлдеқайда арзан. Кей өңірлерде сиыр етінің келісі 4 мың теңгеден асып кеткенін ескерсек, айырмашылық айқын.

Зан бойынша сараптамадан өтпеген етті сатуға болмайды. Базарлар мен дүкендерде инспекторлар құжаттарды, таңбаларды, тасымал жағдайын тұрақты тексеріп отырады. Мамандар да киік етін тек арнайы, рұқсат етілген орындардан сатып алуға кеңес береді.

МАЛ ӨСІРУГЕ МЕМЛЕКЕТ ҚОЛДАУ КӨРСЕТПЕК

Әзірге киік етімен «алдана» тұрсақ, алдағы уақытта ірі қара мал етінің де қолжетімді болар күніне жетуіміз мүмкін. Себебі енді елімізде ет өндірісін күшейтуге бағытталған жаңа бағдарлама іске қосылмақ. Оның аясында фермерлерге жылдық 5 пайызбен жеңілдетілген несиесі беріледі. Бұл қаржыға шаруалар әрі өзіміздің, әрі шетелдің асыл тұқымды малын сатып ала алады. Жоспар бойынша жыл сайын 110 мың бас мал алынуға тиіс. Соның 50 мыңы – отандық мал болса, 60 мыңы – сырттан әкелінетін асыл тұқым.

Бірақ қағаз жүзіндегі жоспарды орындау оңай емес. Қазақстан мал өсірушілер одағының жетекшісі Даурен Салықовтың айтуынша, 60 мың бас аналық малды қолжетімді бағамен табу – үлкен мәселе.

Мәселен, биыл Ресей ел көбі 20 мың бас ұсына алады. Беларусь – 3 мың бас, Еуропа елдері шамамен 12 мың бас шығаруы мүмкін. Бірақ бұл – сатуға дайын тұрған көлем ғана. Оны кімге береді, бәрі ұсынылатын бағаға байланысты. Сондықтан сарапшылар бұл көрсеткіштердің жартысына ғана сенуге болады дейді.

Ал қалған малды қайдан аламыз? АҚШ пен Канада әзірге тиімді бағыт емес. Ол жақта ірі қараның бағасы тым қымбат – бір қашар 5 мың доллар тұрады. Оның үстіне бұл сомаға тасымал мен карантин шығыны қосылмайды. Қазақстанға жеткізгенше мұндай мал «алтынмен пара-пар» болып кетеді.

Салыстырмалы түрде қолайлы нұсқа – Аустралия. Онда бір қашар шамамен 3 мың доллар. Сонымен қатар Уругвай, Аргентина, Бразилия сияқты Оңтүстік Америка елдері де қарастырылып отыр.

Тағы бір маңызды жайт бар. Бұрынғы тәжірибеге сүйенген мамандар қатал климатқа тез бейімделуі үшін малды бір жасқа толмай тұрып әкелу керек дейді. Жас мал жана ортаға жеңілрек үйренеді. Бұл талап сатып алу шарттарына енгізілмек.

ҚОҒАМ

21 АҚПАН 2026 | СЕНБІ

Еңбек кодесі жаңарып жатыр. Мәжіліс қабылдаған түзетулер – еңбек адамының тағдырына бейжай қарамайтын әділетті қоғам құруға кезекті қадам. Еңбек шартының әділ рәсімделуі, жалақының теңдігі, өндірістегі қауіпсіздік пен объективті тергеу – бәрі де нақты өмірдің сұранысы. Жұмыскерді әлеуметтік кепілдіктен айыратын айла-тәсілдерге тосқауыл қойылса, бұл – тек құқықтық жетістік емес, моральдық жеңіс. Бала күтімімен отырған әке құқығының танылуы да отбасындағы жауапкершіліктің жаңаша бағалануы болмақ.

А Айхан ШӘРІП

ЖҰМЫСКЕР МЕРДІГЕР ЕМЕС

Заннның салмағы, ондағы талаптардың тегеуріні оны бұлжытпай орындау мәдениетімен өлшенеді. Орындалмаса, ең жақсы заңның өзі жай ниет болып қалады. Бір анығы, еңбеккер құқығы, еңбек қадірі жете қорғалған жерде ғана мемлекет қуатты, қоғам орнықты, өсім тұрақты болады.

«Кейбір заңнамалық актілерге қауіпсіз еңбек жағдайларын жетілдіру, жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғау және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңының жобасын Мәжіліс түпкілікті қабылдады. Енді тек сенаторлардың мақұлдауы қалды. Содан соң құжат Мемлекет басшысының қол қоюына жолданады.

Депутаттардың айтуынша, еңбек заңнамасында жұмысшылардың құқығын толыққанды қорғамайтын, тіпті оған тосқауыл қоятын олқылық көп. Осы жөнсіздіктердің бір тобын жою үшін жаңа заңмен арнайы түзетулер енгізіліп отыр. Біріншіден, азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар (договор ГПХ) проблемасы. Мәселе неде? Көптеген жұмыс беруші еңбекақы төлеу қорынан қаржы үнемдеу, әлеуметтік кепілдіктерден жалтару, әлеуметтік жарналарды МӘСҚ қорына төлеу үшін штатпен жабады. Қызметкерлерін аутстаффингке шығарып, еңбек келісімшартының орнына олармен тек АКС шартын жасасады. Қағаз жүзінде «мердігер», іс жүзінде – қатардағы қызметкер.

Ол жұмыскер ары қарай да ішкі тәртіпке бағынады, бекітілген кестемен еңбек етеді, тікелей басшысына есеп береді, тапсырмасын орындайды. Бірақ әлеуметтік кепілдіктерден жұрдай болады. Ауырса, жарамсыздық парағы төленбейді. Жыл сайынғы ақылы еңбек демалысына шыға алмайды. Жүктілік пен босануға байланысты демалыс құқығынан айырылады. Зейнетақы жарналары аударылмайды, медициналық сақтандырудан қағылады. Қызмет бар, бірақ кепілдік жоқ.

Жаңа заң жобасына сәйкес, жұмыс беруші мен жұмысшының қарым-қатынасында еңбек шартының кем дегенде бір белгісі болса, онда азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт жасасуға тыйым салынбақ. Ондаған мың адам толыққанды әлеуметтік кепілдіктерге ие болуға тиіс. АКС шарты әдетте уақытша жұмысты орындайтын мамандармен ғана бекітіледі. Жұмыскер бір жұмыс берушіге тұрақты әрі ұзақ уақыт істесе, Еңбекмині жұмыс берушіден оны штатына алуы керектігін ескертеді. Бірақ жаңа заңда айыппұл не басқа жаза қарастырылмапты. Яғни, компания бұл талапты орындамаса, жазаға тартылмайды.

– Біз мониторинг жүргіземіз. Еңбек шартының белгілері табылса, ол еңбек шарты ретінде рәсімделуге тиіс. Алайда одан бастартса, мемлекеттік инспекторлардың әкімшілік ықпал ету тетіктері жоқ. Бұл бағыттағы жұмыс тек жұмыс берушімен өзара әрекет аясында жүзеге асырылады. Яғни, кеңес-консультация өткізу, түсіндіру хаттарын

ЕҢБЕК ЗАҢЫНДАҒЫ ЕҢГІЗІЛ ӨЗГЕРІС



Елдар ҚАБА (коллаж)

жолдау, ескерту жасау қарастырылған. Бірақ айыппұл салу көзделмеген, – деді Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Аскарбек Ертаев.

Заң жобасы реттейтін екінші мәселе – бірдей лауазымдағы қызметкерлердің еңбекақысындағы алшақтық. Бір кәсіпорында бірдей функция атқаратын, біліктілігі бірдей талапқа сай келетін мамандардың жалақысы арасында бірнеше есе айырмашылықтың орнауы – әділеттің таразысын теңселтетін жайт. Әсіресе, шетелдік және жергілікті мамандар арасындағы еңбекақы айырмасы қоғамда көңілтомластық туғызады. Сондықтан ұжымдық шартқа бір лауазым аясында ең жоғары және ең төменгі жалақының айырмашылығын міндетті түрде белгілеу туралы норма ұсынылды. Әділет – ұран емес, өлшем болуға тиіс.

ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒА: ТЕРГЕУ КІМНІҢ ҚОЛЫНДА?

Түзетулердің үшінші бөлігі еңбек даулары кезінде жұмыскердің мүддесін қорғау мәселесін пысықтайды. Өндірістегі жазатайым оқиға – жай ғана статистика емес, адам тағдыры. Қазір өндірісте жазатайым оқиға болса, оны тергейтін комиссияны жұмыс берушінің өзі құрады, өзі басқарады. «Өзім тергедім, өзім төрелігін айттым» деген қағида әділдікке күмән ұялтпай қоймайды. Көп жағдайда тергеу субъективті өтіп, жұмысшы немесе оның отбасы әділдік таппайды, әлеуметтік кернеу туындайды, билік органдарына сенімсіздік пайда болады. Жаңа түзетулерге сәйкес, тергеу процесін объективті ету үшін комиссия құрамына тәуелсіз тараптарды – медиаторды, сондай-ақ зардап шеккен адамның туысын немесе адвокатын енгізу мүмкіндігі қарастырылады. Сонда қарапайым жұмыскердің дауысы ескерілер деген үміт бар. Тергеу ашық әрі көпжақты болған жағдайда ғана сенім орнығады.

Төртінші бағыт – өндірістік жаракаттың дәрежесін анықтау мәселесі. Мысалы, жұмысшы жаракат алды делік. Оның қаншалықты ауыр екенін дәрігерлер қалай анықтайды? Заң жобасын әзірлеушілердің түсіндіруінше, дәрігерлер сонау 1994 жылғы, яғни ескірген әдістемелік ұсынымдарды

пайдаланады екен. Онысы заң да, нормативтік құжат та емес. Проблема нақты, бірыңғай стандарттың жоқтығында.

Мысалы, бір жаракатты бір қалада дәрігер «ауыр» десе, екінші қаладағы ақ халатты оны «жеңіл» деп бағалай салуы әбден мүмкін. Бұл ретте жаракат алған жұмысшының алатын өтемақысының мөлшері дәл осы медициналық қорытындыға тікелей байланысты. Шешу жолдары қандай? Денсаулық сақтау министрлігіне өндірістік жаракаттың дәрежесін анықтайтын нақты, бірыңғай қағидаларды бекіту құзыреті берілмек. Бұл – Франция, Канада сияқты осы істі әлдеқашан стандартқа келтірілген елдердің үлгісі. Соның нәтижесінде дау-дамай азайып, әрбір жұмысшының жаракатына сай әділ өтемақы алуына мүмкіндік туады.

Бесінші мәселе – бар кінәні жұмысшыға жабу проблемасы. Ашығын айту керек, Қазақстанда бір төтенше оқиға бола қалса, комиссия көбіне кінәні жұмысшыға аудару салуға тырысады. Қауіпсіздік техникасын сақтамады деп кінәні 50-ден 70%-ға дейінгі жұмысшының өзіне артады. Салдарынан еңбеккер денсаулығынан да, тиесілі өтемақысынан да қағылады. Сондықтан Мәжіліс қызметкердің өрескел абайсыздығы анықталғанның өзінде оның жауапкершілігін 25%-дан асырмауды ұсынды. Бірақ ол араққа, есірткіге, басқасына мас болса, жүз пайыз айыпты деп танылмақ. Бұл қорғау тетігі оған таралмайды.

Заң жобасында әлеуметтік сипаттағы өзге де маңызды нормалар бар. Соның бірі – әкелердің құқықтарын кеңейту. Қазіргі жүйеде жұмыссыз ананың 3 жасқа дейінгі бала күтімімен үйде отырған кезеңі еңбек өтіліне есептеледі. Әкелерге мұндай құқық берілмеген еді. Енді бұл теңсіздік жойылып, бала күтімімен отырған әкенің де аталған кезеңі еңбек өтіліне қосылмақ. Бұл – әлеуметтік әділеттілік қағидатын нығайтып қана қоймай, отбасындағы ата-аналық жауапкершіліктің теңдігін орнықтыруға бағытталған қадам.

ҚАУІПСІЗДІКТІҢ «ҚОЛШОҚПАРЫ» – ТЕКСЕРІС

Жаңа түзетулердің аясында жұмыс беруші мен жұмыскер арасында еңбек дауы туындаған жағдайда жанжалды

реттеу үшін араға делдал тарту мәселесі де нақтыланды. Әйткенмен, делдал бола алатын тұлғалар кімдер және оларға қандай талаптар қойылады? Еңбек министрі А.Ертаевтың айтуынша, жеке еңбек дауын қарау кезінде келісім комиссиясының жұмысына делдалды тарту бойынша заңның 159-бабына депутаттардың ұсынған түзетуі Үкіметтен қолдау тапты.

– Делдалдарға талаптар қойылады. Біріншіден, ол қызметкер мен жұмыс берушіге қатысы жоқ, тәуелсіз жеке немесе заңды тұлға болады. Жеке тұлғалар – заңгер, медиатор. Заңды тұлғалар – медиация орталықтары, заң фирмалары, консультациялық компаниялар. Екіншіден, жұмыс беруші мен қызметкер арасындағы дауға делдалды тарту үшін екеуінің де жазбаша келісімі болуға тиіс. Келісімі болмаса, онда делдалды тартуға болмайды. Делдалға қойылар негізгі критерийлер – тәуелсіздік, бейтараптық, келісімнің болуы, – деді Аскарбек Маратұлы.

Еңбекмині басшысының түсіндіруінше, еңбекті қорғау бірнеше бағытта жүргізілмек. Біріншіден, ведомство интеграция жүргізіп жатыр. Қазақстанда өндірістік үдерісінде зиянды әрі қауіпті еңбек жағдайлары орныққан 95 мың ұйым бар, оларға министрлік тұрақты мониторинг жүргізеді. Мемлекеттік инспектор белгілі бір жұмыскердің жұмыс орны зиянды жағдайға жататынын, алайда оған жеке қорғаныс құралдары берілмегенін анықтаса, электронды нұсқама шығарады. Екінші бағыт – жұмыскерлерді жазатайым оқиғалардан сақтандыру. Онымен 175 мың кәсіпорын қамтылуға тиіс, әзірге тек 113 мыңы өз қызметкерлерін сақтандырған. Жаңа министр барлық кәсіпорынды қамтуға уәде етті.

Тағы бір бағыт ретінде депутаттар «күтпеген тексерулерді» енгізуді ұсынды. Әйтпесе, қорғаныш құралдарын жұмысшыларға тек тексерушілер келетін күні ғана үлестіру үрдісі жалғасады. Министр А.Ертаев жоспарлы профилактикалық бақылау ғана жүргізе алатындарын жеткізді. Жыл сайын осындай небары 600 тексеріс жүргізуді жоспарлауына рұқсат екен. Жылдың басталғаны жана, алайда былға жоспарланған 600 тексерудің басым бөлігі орындалыпты.

– Сондай-ақ профилактикалық іс-шаралар өткізілді. Осы жұмыстар барысында жұмыс берушілерге қандай жұмыс орындарында тәуекелдің бар екені, қандай қызметкер жеке қорғаныс құралдарымен қамтылмағаны жөнінде нұсқамалар беріледі. Басқа құрал жоқ. Жалпы, Үкімет биыл еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауға қатысты басқа заң жобаларына бастамашылық етуді жоспарлап отыр. Жаңа түзетулерді міндетті түрде Парламент қарауына енгіземіз, – деп уәде берді министр.

Бірақ Мәжіліс депутаты, «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі Ерболат Сатыбалды қолданыстағы тексеріс тәсілдерінің тиімділігіне күмәнданады. Неге? «Себебі Кәсіпкерлік кодекске сәйкес, тіпті тәуекелі жоғары объектілерді жылына бір реттен артық тексеруге тыйым салынған. Тексерулер мен профилактикалық бақылаудың кестесі мен тізімдері жыл сайын алдын ала жарияланады. Соның салдарынан заңбұзар кәсіпорындар қай кезеңде тексеріс болатынын нақты біліп отырады. Осы нормалар күшінде қала берсе, күтпеген тексерулерді жүзеге асыру қиын», – деді депутат.

Бірақтар елде еңбекті қорғау саласы жеке бақылау режимімен қамтамасыз етіледі. Бірақ оған бізде, әсіресе алпауыт компаниялар үзілді-кесілді қарсы. Үкімет болса, олардан аса алмайды. Содан ба, тіпті мемлекет мақтан тұтып, дәріптеп жүрген ірі кәсіпорынның өзінде жұмысшы құқығы аяққа тапталып, күн сайын өміріне қауіп төнеді екен.

Қалай болғанда да, нақты нәтижеге қол жеткізу үшін тек заң мен стратегия ғана емес, сонымен бірге еңбек қауіпсіздігі мен еңбек құқықтарын қорғау мәселелерін нақты әрі айқын реттейтін тетіктер қажет. Жаңа заң жоба қордаланған барлық түйткілді шешіп тастамағанымен, еңбек қауіпсіздігін басқару жүйесін нығайтады, еңбек және денсаулық сақтау салалары арасындағы өзара іс-қимылды үйлестіреді, тараптардың құқықтары мен міндеттерін нақтылайды.

РЕФОРМА

21 АҚПАН 2026 | СЕНБІ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың стратегиялық бастамасымен және тікелей қамқорлығымен әзірленген жаңа Конституция жобасы (3-ші Конституция) – еліміздің саяси құрылымын түбегейлі жаңғыртып, Әділетті Қазақстанның мызғымас құқықтық қаңқасын қалыптастыратын түбегейлі, іргелі құжат.

Бұл тарихи қадамның терең саяси, әлеуметтік, философиялық және онтологиялық тұлғасы – мемлекеттік даму үлгісінің түбегейлі өзгеруінде жатыр. Егер өткен индустриялық дәуірлерде мемлекеттің геосаяси салмағы мен қуаты оның жер қойнауындағы қазба байлықтарымен немесе әскери-қорғаныс әлеуетімен өлшенсе, бүгінгі жасанды интеллект, цифрлық технологиялар және технологиялық тоғысу заманында ұлттың бәсекеге қабілеттілігі және адами капиталдың сапасымен айқындалады. Осы тұрғыдан алғанда, жаңа Ата Заңның ең басты тұжырымдамалық жаңалығы – мемлекеттің дәстүрлі ресурстық модельден қарқынды зияткерлік модельге конституциялық деңгейде ауысуы болса керек.

Осы стратегиялық мақсатқа сәйкес, жаңа Конституцияның жобасы адами капитал мен адам құқықтарының жоғары құндылық ретінде дәріптей отырып, Қазақстанның білім беру, ғылым және инновациялар саласын дамытуды мемлекеттік саясаттың стратегиялық басымдығы ретінде бекітеді. Бұл бағыттарды Ата Заң аясында айқындау – уақытша қалыптасқан жағдай емес, керісінше, еліміздің өркениетті даму жолындағы өміршеңдік қажеттілігі және ең шешуші факторы болып саналады.

Мемлекеттің даму деңгейі тек экономикалық көрсеткіштермен ғана емес, адам құқығының сақталу деңгейімен де өлшенетіні ақиқат. 2026 жылғы Конституция жобасы – әділеттілік пен құқық үстемдігінің жаңа, биік стандарттарын бекітетін «Адам стандартының жарғысы» іспетті. Құжаттың ең басты ерекшелігі – оның адамға бағдарланған сипатында. «Әділеттілік» және «Заң мен Тәртіп» қағидаттары конституциялық деңгейде бекітіліп, мемлекеттік аппараттың кез келген әрекеті осы қағидаттарға қайшы келмеуі тиіс екені айқын көрсетілген.

Заман ағымына сай, цифрлық дәуірдегі құқықтық қорғаныс ретінде, 21-бапқа енгізілген өзгерістер жеке өмірге қолсұғылмаушылықты жаңа сапалық деңгейге көтереді. Енді цифрлық технологиялар арқылы жеке деректерді заңсыз жинаудан, өндеуден және сақтаудан қорғау – конституциялық кепілдікке ие болмақ. Бұл өзгерістермен қатар, сот жүйесі мен адвокатураның рөлі де едәуір күшейтілді. Адвокаттық қызметке арналған арнайы баптың енгізілуі, азаматтардың құқықтық кепілдіктерін міндетті түрде түсіндіру қағидатының бекітілуі және кінәсіздік презумпциясы қағидаттарының нығаюы – құқықтық неміс құрайылыққа тосқауыл қоятын және азаматтардың құқықтық қорғалуын халықаралық стандарттарға сай қамтамасыз ететін маңызды шешімдер болып табылады.

Әділеттілік ұғымы тек заң алдындағы ғана емес, әлеуметтік теңдікті де қамтиды. Экономикалық және педагогикалық тұрғыдан алғанда, білім беру саласындағы конституциялық кепілдіктердің кеңеюі – «білім экономикасына» өтудің нақты іргетасы саналады. Азаматтардың тегін орта біліммен қатар, техникалық және кәсіптік білім алуға мемлекеттік кепілдік алуы – жастарға берілген үлкен мүмкіндік және әлеуметтік өрлеу сатысы. Конституцияның жаңа мәтінінің басты ерекшелігі – оның адам мүддесін бәрінен жоғары қоятын сипатында. Адам құқықтары мен бостандықтары жаңа кіріспеді жалаң ұран түрінде ғана емес, бүкіл Ата Заңның барлық бөлімінде қызыл желі болып тартылып, құжаттың мағыналық темір-қазығына айналады.

Әсіресе, Конституция жобасының 3-бабында білім, ғылым және инновацияны дамытудың мемлекеттік стратегияның негізгі бағыты ретінде нормативтік тұрғыда бекітілуі – тарихи бетбұрыс саналады. «Елдің болашағын мінералды ресурстар емес, азаматтардың жетістіктері мен адами капитал айқындайды» деген қағида – заман талабына берілген дәл және жүйелі жауап қана емес, ұлттық сананың жаңғыру бағдары. Бұл конституциялық нормалар білім беру жүйесінің, соның ішінде болашақ ұлт ұстаздарын даярлайтын педагогикалық сала-

Адамзат тарихының қатпарлы да күрделі иірімдерінде әрбір ұлттың тағдырында оның даму бағытын айқындап, келешекке жол сілтейтін шешуші тарихи белестер болады. Дәл қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы осындай тағдыршешті кезеңнің, ұлы өзгерістердің табалдырығында тұр. 2026 жылдың 15 наурызына белгіленген жалпыұлттық референдумды жай ғана кезекті саяси шара немесе құрғақ статистикалық дауыс беру үрдісі деп қарастыруға болмайды. Бұл – мемлекеттігіміздің іргетасын қайта бекітіп, жаһандық өркениет көшіне ілесудің, жасампаздық пен өрлеудің даңғыл жолына түсудің тарихи әрі саяси маңызы зор қадамы.

ТАРИХИ БЕТБҰРЫС
КӨКЖИЕГІ

ның мәртебесін жаңа биікке көтеріп, ғылымды ұлттық экономиканың басты қозғаушы күшіне айналдыруға кең құқықтық дәліз ашады. Заманауи сын-қатерлерге жауап ретінде мемлекеттік қамқорлық аясы тек дәстүрлі әлеуметтік саламен шектелмей, жаңа виртуалды кеңістіктерді де қамтиды. Ата Заңда азаматтардың цифрлық ортадағы құқығын қорғау туралы алғаш рет арнайы норманың енгізілуі – Қазақстанның жаһандық технологиялық кеңістікте өз ақпараттық дербестігін сақтап қалуға деген стратегиялық ұмтылысын білдіреді. Бұл – біртұтас зияткер ұлт қалыптастырудың заңдық деңгейдегі сенімді кепілі ғана емес, елдіктің жаңа дәуірдегі жаңғыру нышаны болмақ.

ландыру үдерістеріне берілген жүйелі жауап болып табылады.

Құрылтайдың 145 депутатының пропорционалды сайлау жүйесі негізінде 5 жылға сайлануы саяси партиялардың институционалдық рөлін арттырып, олардың қоғам алдындағы жауапкершілігін күшейтеді.

Сонымен қатар Құрылтай заң шығару билігінің жоғары органы ретінде кеңейтілген өкілеттіктерге ие болады. Үкіметтің Құрылтай алдындағы есептілігі артып, парламенттік бақылау функциялары айтарлықтай күшейтіледі.

Бұл өзгерістер «Күшті Президент – ықпалды Құрылтай (Парламент) – есеп беретін Үкімет» формуласын нақты мазмұнмен толықтырады. Бір палаталы Құрылтай (Парламент) – мемлекет-

Заман ағымына сай, цифрлық дәуірдегі құқықтық қорғаныс ретінде, 21-бапқа енгізілген өзгерістер жеке өмірге қолсұғылмаушылықты жаңа сапалық деңгейге көтереді.

Мұндай заманауи даму үдерістері ұлттық болмысымыз бен тарихи мемлекеттілік дәстүрлерімізбен тығыз астарласып, өзара үйлесім тапқан. Осы ретте билік жүйесін жаңғыртудың ең маңызды қыры ретінде Құрылтай институтының қайта түлеуін ерекше атап өткен жөн. Ұлттық мемлекеттіліктің тарихи тамырына үңісек, «Құрылтай» ұғымы қазақ дүниетанымында әрқашан бірлік, алқалы кеңес пен ортақ жауапкершіліктің символы болған. Сондықтан да жаңа конституциялық реформа аясында бір палаталы Парламент – Құрылтайдың құрылуы билік тепе-теңдігін далалық демократиямен сабақтастырып, мемлекеттік институттарды халыққа барынша жақындатудың теңдессіз үлгісіне айналмақ.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бір палаталы Парламент құру жөніндегі бұл бастамасы – саяси жүйені кешенді түрде жаңғырту және жасанды интеллект дәуірінде Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына қуатты серпін беруді көздейтін стратегиялық жоспардың өзегі. Президенттің Жолдауында жарияланған бұл реформа жаһандану мен цифр-

тік басқаруды орталықсыздандыру мен билік тармақтары арасындағы теңгерімнің жаңа кезеңі деуге толық негіз бар.

Мұндай ауқымды стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін мемлекеттік басқару жүйесі мен құқық қорғау тетіктерін жетілдірудің маңызы зор. Реформа шеңберінде жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін демократияландыру және сот билігінің адам құқықтары мен бостандықтарының шынайы, тәуелсіз кепілі ретіндегі рөлін арттыру ерекше мәнге ие. Конституциялық бақылаудың қосымша институттарын енгізу – мемлекеттің тек қағаз жүзіндегі формалды нормаларға емес, азаматтардың мүдделерін іс жүзінде қорғауға негізделген әділетті құқықтық орта (экожүйе) қалыптастыруға деген саяси ерік-жігерін айғақтайды.

Осы құқықтық іргетас негізінде жаңа Конституцияда мемлекеттің әлеуметтік жауапкершілігі жаңа сапалық деңгейге көтерілуде. Білім беру, денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау салаларындағы кепілдіктер күшейтілді. Білім алу құқығы енді адам құқықтарының ажырамас бөлігі ретінде қарастырылуы – мемлекеттің тікелей түрде міндеті болып табылады.

Рухани саладағы тағы бір маңызды жаңалық – «тарихи-мәдени мұраны сақтау» мен «төл мәдениетті қолдау» қағидаттарының алғаш рет мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаты ретінде айқындалуы. Бұрынғы редакцияларда бұл мәселе жалпылама сипатта болса, енді азаматтардың тарихи-мәдени мұраны сақтау міндеті Конституция деңгейінде талап етілетін міндет ретінде бекітіліп отыр. Бұл дегеніміз – бабадан қалған асыл мұра, тарих, салт-дәстүр енді мемлекеттің тікелей қамқорлығында және заңның қатаң қорғауында болады. Бұл өзгеріс ұрпақтар сабақтастығын жалғап, ұлттық кодты келер ғасырларға бұзбай жеткізудің құқықтық қалқанын құрады. Сонымен қатар неке институтын «ер адам мен әйел адамның ерікті және тең құқықты одағы» деп айқындау – жаһандық құндылықтардың алмасуы кезінде дәстүрлі отбасы институтын қорғауға бағытталған маңызды қадам болады.

Қорыта айтқанда, жаңа Конституцияның жобасы – мемлекеттік құрылымның жай ғана кезекті құқықтық реформасы емес. Бұл – ұлттың саяси-рухани кемелденуінің және өркениеттің жаңа сатысына көтерілуінің айқын көрінісі. Ұсынылып отырған өзгерістерді терең зерделей келе, біз ел дамуының стратегиялық бағдарларының түбегейлі өзгергенін байқаймыз.

Біріншіден, бұл құжат – интеллектуалдық ұлттың бағдарламасы. Жер қойнауының байлығына емес, адами капиталға, ғылым мен инновацияға басымдық беру арқылы Қазақстан шикізаттық экономикадан «білім экономикасына» өтудің нақты құқықтық іргетасын қалайды. Екіншіден, әділетті қоғам мен құқықтық мемлекеттің жаңа моделі жасакталады. Бір палаталы Парламент – Құрылтай мен Халық Кеңесінің құрылуы, билік тармақтарының өкілеттіктерін нақтылау, Үкіметтің есептілігін арттыру – мұның барлығы демократиялық институттардың орнықты дамуын қамтамасыз етеді. Үшіншіден, рухани егемендік пен ұлттық бірегейлік нығайтылады. Мемлекеттік тілдің мәртебесін нақтылау, тарихи-мәдени мұраны қорғау міндеттерінің енгізілуі – жаһандану толқынында ұлттық кодымызды сақтап қалудың мызғымас қалқаны болады.

Омархан ӨКСІКБАЕВ,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
Директорлар кеңесінің
Төрағасы, экономика ғылымдарының докторы

БІЗДІҢ СҰХБАТ

21 АҚПАН 2026 | СЕНБІ



— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев арасында болған әңгімеден хабарыңыз бар шығар... Сіз KazLLM моделін әзірлеуге қатыстыңыз ба? Бұл модель несімен ерекшеленеді? Ол қандай мәселелерді шешуге бағытталған?

— Бұл сұраққа жауап берместен бұрын бір нәрсені айқындап алған жөн. Өйткені мәселенің түп төрінін түсініп отырмын. Өткен апта Президент Қ. Тоқаев ЖИ министрі Ж. Мәдиевтен «Негізден қазақстандықтар ChatGPT-ді көбірек қолданады, ал KazLLM-ді қолданбайды?» деп сұраған болатын. Осыдан кейін көпшілік біздің елімізде KazLLM деген жоба барын, оның ChatGPT-ге ұқсайтынын алғаш рет естіген болса керек. Әлеуметтік желіде түрлі әңгімелер басталып кетті. Сондықтан рұқсат болса, бірінші осыған тоқталып кетсем.

Бәлкім, әуелі Президентке мәлімет дұрыс жеткізілмеген де болар, ол жағын білмедім. Екіншіден, ЖИ министрлігінің де олқылығы бар. Олар әу баста түсіндіру жұмыстарын дұрыс жүргізбеген. Сондай-ақ енді осы KazLLM деген ЖИ өзегін жалпы бұқара халық қолданатынын деңгейде дамыту қажет еді. Алайда министрлік оны жалпыхалықтық өнім қылып шығармады. Түсінбеушілік осыдан кеп шығып тұр. Яғни, министрлік KazLLM деген шикізатты жасады, бірақ оны қолданушыларға дайын чатбот қылып бермеді. Барлық әңгіме осыдан туындап жатыр. Сіз қазір өзіңіз бидайды үгітіп, диірменнен өткізе аласыз. Ол үшін сізге диірмен керек, наубай керек, қыруар әрекет. Дәл сол сияқты KazLLM-ды қолдану үшін сізге h100 деген сияқты қымбат тұратын, қуатты видеокартасы бар серверлер керек. Оған техникалық білім керек. Қарапайым халық атқаратын жұмыс емес. «Халыққа ChatGPT сияқты дайын өнім қылып ұсынбағаны олқылық болды» деп отырғаным — осы. Әрине, осыдан кейін көпшілік «KazLLM дегенді бірінші рет естіп тұрмын, оны ешқашан қолданған емеспін» дейді.

Ал енді сұрағыңызға келсек, оған менің қатысым жоқ. Модель жалпы отандық ЖИ өнімі болуымен ерекшеленеді. Оны оқыту, үйрету үшін еліміздің біраз мемлекеттік ұйымдары ақпарат жинаумен айналысады. Мысалы, сіз ChatGPT-ден қазақи контексттегі бір нәрсе сұрасаңыз, білмей қалуы мүмкін, ал отандық модельде ол мәлімет болады. Қандай мәселелерді шешуге бағытталған? Ең бі-

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2026 жылды «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жариялады. Президент тапсырмасына сәйкес Премьер-министр Олжас Бектенов Үкіметтің алдына «Жаңа цифрлық өнімдердің оң нәтижесін әр азамат сезінуге тиіс» деген міндет жүктеді. Дегенмен қазіргі уақытта цифрлық жүйедегі олқылық және әр азаматтың жасанды интеллектімен қарым-қатынас мәселесі өзекті болып тұр. Осы орайда, біз еліміздегі отандық жасанды интеллект өнімдері және оның даму бағыты туралы IT аналитик, «Болашақ» стипендианты, Бостон университетінің түлегі Тимур Бектұрмен сұхбаттасқан едік.

дау деген бар. Серверлерді қалыпта келтіру бар. Осының барлығы тәжірибені қажет етеді. Бұны біз отандық ЖИ өнімін жасау арқылы ғана игере аламыз. «Дайын асқа тік қасық» боп отырғанда, бізге ешкім келіп үйретіп бермейді. «ЖИ чат-бот» деген ол ең соңғы нүкте ғой. Сондай-ақ әрине, ұлттық қауіпсіздікпен де тікелей байланысы бар. Онсыз болмайды. Қысқасы, KazLLM керек. Оған ешқандай дау жоқ. ЖИ министрлігінің ендігі міндеті — соны одан ары қарай жетілдіру, тұрақты түрде дамыту, толықтырып үйрету, мәліметтерді құюды жалғастыру, дайын чатбот өнім күйінде ұсыну деп білемін. Халық түсіну керек, отандық кино, музыка, кітап шығару саласы, ғылым, медицина қалай дамуды

— Ал Digital экожүйе деген не? ЖИ дамыту үшін еліміздегі деректер экожүйесі қаншалықты дайын?

— Біріншіден, «үлкен үйге не керек болса, кіші үйге де сол керек» дегендей, жұртқа не керек болса, бізге де сол керек. Дамыған елдерге маңызды дүние, бізге де маңызды. Екіншіден, «Қаншалықты дайын?» деген сұрақ. Қазақстанда ештеңе дайын емес. Біз дамыған мемлекет емеспіз. Ал дамымаған мемлекетте бір нәрсенің «қаншалықты дайын болуы» мүмкін емес. Атқарушы биліктің алдында тұрған, жасалуы керек істер ғой барлығы. Цифрлық экожүйе деген не? Ол — әкешене хабарласайын десең, отандық мессенджерді қолдану. Кино көрейін десең, отандық онлайн кинотеатрдың болуы. Кітап оқиын десең, отандық электронды кітапхананың болуы. Ән тындайын десең, отандық аудиоплатформаның қол астында болуы. Әлеуметтік желіде отырғын келсе, тек қазақтар отыратын отандық желінің болуы. Осылай кете береді. Digital экожүйе деген — осы. Дәл қазір айқын мысал — Қытай. Қытай толықтай тәуелсіз цифрлық экожүйе жасап алған. Әрине, АҚШ пен Еуропа елдерін де толықтай болмаса да, ішінара осы қатарға жатқызуға болады. Ал біз... Біз енді толықтай цифрлық бодан елміз. Дәл қазір Instagram біздің елде жұмыс істемей қалса, шағын және орта кәсіп тұралап қалады. WhatsApp істемей қалса, ешкіммен байланыса алмай қаламыз.

— Қазақстанның бүгінгі цифрлық қадамы туралы ойыңызды қалай түйіндер едіңіз? IT-хабқа айналу арманымыз орындалуы үшін дәл қазір не істеліп жатыр, не істелмей жатыр?

— Түйіндейтін ойым, істелетін жұмыс та, шаруа да жетеді. Барлығы бір жақсы ниетпен аяқтала қойса жақсы-ау. Әңгіме сол құр ниеттің жеткіліксіздігінде боп тұр. Дамыған мемлекеттердің, бай мемлекеттердің, ақшасы жеткілікті мемлекеттердің және ертерек қимылдаған мемлекеттердің «ойынына» біз ілесе аламыз ба, оған шамамыз жете ме, жетпей ме?.. Әңгіменің түйіні осында боп тұр. Не істелмей жатыр? Істелмей жатқан жұмыс көп. Қайсыбірін айта береміз. Көңіл күй түсіп кетеді. Не істеліп жатыр? Ғылым және жоғары білім министрлігі студент жастарымызды ЖИ курстары арқылы оқытып жатыр. Шетелдік танымал, мықты ЖОО-ларын әкеліп, филиал ашып жатыр. ЖИ мамандарын даярлап жатыр. ЖИ министрлігі Astana Hub арқылы TechOrda деген бағдарлама жасап, цифрлық мамандықтарды игеруге гранттар бөліп жатыр. Әртүрлі стартап жарыстар мен хақтондар өткізіп, қаражат күйінде жүлделер бөліп жатыр. Google сияқты компаниялармен бірлесіп, IT компанияларды дамытуға күш салып жатыр. Мемлекеттік қызметтерді цифрландыру үшін eGov платформасын одан әрі дамытып жатыр. Жыл сайын Astana Hub пен ЖИ министрлігі Орталық Азиядағы ең ірі Digital форум өткізеді. Оған еліміздегі стартаптар қатысып, өз өнімдерін көрсетеді. Инвестор тартады. IT-хабқа айналу үшін Алматы мен Астана қалаларынан бөлек, барлық аймақтарда орталықтар ашылып жатыр. Ендігі менің арманым, осының барлығын қазақыландыра берсек, қазақ жастарымыз көбірек тарта білесек...

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

ЦИФРЛЫҚ ЖҮЙЕ: ОТАНДЫҚ ЖИ ӨНІМДЕРІ ТУРАЛЫ НЕГЕ БІЛМЕЙМІЗ?

рінші кезекте, сондай модель жасау тәжірибесі бізде де қалыптасу үшін. Екіншіден, модельге қазақстандық мәліметтерді үйрету үшін. Үшіншіден, ЖИ министрі Ж. Мәдиев айтқандай, мемлекеттік мекемелерде сұрақ-жауап көмекшісі, eGov чатботы ретінде қолдану үшін. Төртіншіден, қауіпсіздік мәселесін шешуге бағытталған. Айталық, сіз ChatGPT-ге жіберген әрбір мәліметті ол жақтағы адамдар оқи алады, көре алады. Ол сіздің жеке бас мәліметіңіз, мемлекеттік мәлімет, адамдардың сырқат диагнозы, банк мәліметі, тағы сол сияқты. Сіз өзіңіз жеке-дара азамат ретінде өз ақпаратыңызды ChatGPT-ге жібересіз бе, басқа жаққа жібересіз бе, өзіңіз шешесіз. Бірақ мемлекет олай істей алмайды. Ол халықтың мәліметін қауіпсіз ортада ұстауы керек. Сондықтан осындай отандық LLM-дер қажет.

— Жалпы, KazLLM моделі ChatGPT-ді ығыстыра алады деп ойлайсыз ба? Сіздіңше, отандық IT өнімдердің негізгі проблемасы неде: технология ма, маркетинг пе, әлде сенім мәселесі ме?

— Жоқ, әрине, ығыстыра алмайды. Оған екі себеп бар. Біріншіден, қаражат мәселесі, екіншіден, тұрақты дамыту мәселесі. Қаражат не үшін керек? Қаражат KazLLM моделін ChatGPT сияқты чатбот қып жасап, оны халыққа ашық, тегін ұсыну үшін керек. Біздің елімізде қазір жалғыз ғана отандық ЖИ чатбот бар. Ол Oulan деген Nazarbayev University жанынан құрылған ISSAI деген орталықтың чатботы. Бірақ олар өз күшімен, өз қаражатымен жүзеге асырып отыр. Миллиондаған халыққа толықтай тегін ұсынуға сервер қажет, қаражат қажет, электр энергиясы қажет, қызметкерлерге жалақы қажет, тағы сол сияқты қажеттіліктер көп. Жаңа айтқанымдай, бұл мәселені ЖИ министрлігі шешуі қажет деп білемін. Отандық IT өнімдердің проблемасы — қаражаттың аздығы, техникаға қолжетімділік, сервер мәселесі, бір ауыз сөзбен айтқанда, жоқшылық қой сол. Миллиардтаған доллар қаражат жұмсалып, жүз мыңдаған серверде жұмыс істеп тұрған ChatGPT-мен біздің отандық өнімдерді салыстыру ақылға қонбайды.

— Шындығында, KazLLM моделі туралы Президент сынынан кейін ғана естіп-біліп жатырмыз. IT маман ретінде айтыңызшы, жүйені танымал қылу үшін және халық жаппай қолдану үшін қандай тиімді жолдар бар?

— Ол үшін ЖИ министрлігі Президент тапсырмасы бойынша елімізге әкелінген ЖИ суперкомпьютерінің мүмкіндігін толық қолданып, 3-5 жыл көлемінде тек Қазақстан азаматтарына тегін қолданатындай етіп чатбот жасап беруі керек еді. Өзіңіз ойлап қараңызшы, ChatGPT-ге айына 10.000 теңгеден, жылына 120.000 төлеген жақсы ма әлде теп-тегі отандық өнімді қолданған жақсы ма? Жауап белгілі ғой. Ендеше сол KazLLM моделін алып, KazGPT деп пе, әлде ChatKaz деп пе, атауы маңызды емес, бір чатбот жасап ұсынғанда, халық қолданар еді. ЖИ технологиясын дамытып жатырмыз деп айта алар еді. Мен ол ведомствоның миссиясы мен стратегиясын білмеймін, сондықтан неліктен олай жасамай отырғанын айта алмаймын. Бәлкім, әу баста чатбот жасау мақсаты болмаған да шығар. Үлкен тілдік модельін жасаймыз, ары қарай керек адамдар өздері қолданып алады деп ойлаған болар, ол жағын білмедім. Бірақ қайтадан айта кетейін, сіз қазір KazLLM-ді қолданғыңыз келсе, айына кем дегенде 1-2 млн теңге тұратын қуатты серверіңіз болу керек. Оны қолданып, чатбот жасай алатын маманыңыз болу керек. Қарапайым халық айналысатын шаруа емес.

— Әлемге ортақ қолданысқа еніп, қоғаммен етене болып кеткен ЖИ өнімдері бар кезде отандық жасанды интеллект жасаудың маңызы қандай? Әлде отандық ЖИ-ді дамыту ұлттық қауіпсіздікпен байланысты ма?

— Отандық жасанды интеллект жасаудың қажеті бар. Бұл — елімізде ЖИ модельдерімен жұмыс істей алатын мамандарды қалыптастыру үшін. Оған қажет мәліметтерді жинау білу үшін. «Мәліметтер қайнары», яғни DataLake деген техникалық термин бар. Жиналған мәліметтерді сұрыптау, өңдеу деген бар. Оны модельге үйретуге дайын-

кажет етсе, отандық ЖИ саласы да солай дамуды қажет етеді.

— Қоғам қазір цифрлық өркеніетке жетіп қойғандай сезімде жүргені рас. Бірақ ақиқатында біз әлі ештеңе білмейміз, түсінбейміз. Негізі, халықтың цифрлық сауаты қалай жүйеленуі керек еді және цифрлық мәдениет деген не?

— Цифрлық сауат дегеніміз — қандай цифрлық құралдар бар, соларды дұрыс қолдана білу. Қолыңыздағы смартфонды дұрыс қолдану. Интернетті дұрыс қолдану. ЖИ технологияларын дұрыс қолдану. Әлеуметтік желілерді дұрыс қолдану. Өсек айту, қызық қуу, ғайбат айту, жала жабу, алаяқтық мақсатта емес, білім алу, ақпарат алу, өз білгенінді бөлісу, жақсы істерді жариялау, байланыс үшін қолдану. Ал цифрлық мәдениет — өмірдегі мәдениет сияқты. Ешкімнің ар-намысына, ұятына тиіспеу. Әдепті болу. Үйіңнің ішінде не боп жатқанын жалпақ жұртқа айтпайсыз ғой. Сол сияқты цифрлық мәдениет дегеніміз де белгілі бір құндылықтарды сақтау. Қазанның қақпағын жабық күйде ұстау. Балаңызға әлеуметтік желі арқылы бөтен адаммен сөйлеспеуді үйрету. Жеке бас мәліметін, банк мәліметтерін, денсаулыққа қатысты ақпаратты, үйіңіздің мекенжайын, мемлекеттік ақпаратты, біреулердің телефон нөмірлерін бейберекет интернетке жарияламау дегеннің барлығы осы цифрлық мәдениетке жатқызуға болады. Содан кейін, бір жаққа кетерде үйіңізді ашық-ашық тастап кетпейсіз ғой. Кілттейсіз. Ол кілтті есік алдына тастап кетпейсіз. Өзіңізбен алып кетесіз. Қарапайым қауіпсіздік мәселесі. Сол сияқты цифрлық қауіпсіздік мәселесі де цифрлық мәдениеттен туындайды. Кілтсөздерді дұрыс қолдану, қиын кілтсөздер қолдану, оны еш жерге жарияламау, әр жерде әртүрлі кілтсөз қолдану деген сияқты. Осының барлығын үйренетін уақытымыз болды ғой. Бірақ неге екенін білмедім. Әйтеуір, оп-онай алданып қаламыз. Оп-онай жем боп қаламыз. Ақшамызды жұртқа ұстата саламыз. Әлеуметтік желіміз де, басқа да цифрлық дүниелеріміз ашық-ашық жатыр.

РЕПОРТАЖ

21 АҚПАН 2026 | СЕНБИ

ТИІМДІ ЗАТ САТЫП АЛУ, ЖЕҢІЛДІКТЕР ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БОНУСТАР: АҚПАН АЙЫНДАҒЫ KASPI ЖҰМАНЫҢ ЖАРҚЫН СӘТТЕРІ

Ақпан айындағы Kaspi Жұма тағы да тиімді ұсыныстарымен қуантты. 12-15 ақпан аралығында төрт күн бойы Kaspi-дің серіктес дүкендері 50%-ға дейінгі жеңілдіктер мен жоғары бонустар ұсынды.

Мыңдаған қазақстандықтар киім жаңартып, сыйлықтар таңдап, қажетті техниканы сатып алып, Қазақстан ішінде және шетелге турлар рәсімдеді.

Қазақстандық Qazaq Soul бренді этникалық накыштағы, ерекше өрнегі бар бірегей бұйымдар жасайды. Ал ұлттық ою-өрнегі заманауи стильмен үйлескен Asyl премиум коллекциясы ерекше мақтанышқа себеп. Табиғи былғарыдан жасалған сөмкелер, әмияндар, төлқұжат қаптары және өзге де аксессуарлар Kaspi Жұмаға арнайы дайындалған.

«Kaspi.kz-пен 4 жылдық серіктестік бізге өсуге үлкен мүмкіндік берді. Онлайн сатылымдарымыздың 50-60%-ы Kaspi арқылы өтеді. Сатып алушыларға онлайн сауда мен тегін жеткізу ұнайды. Офлайн-дүкенге көбіне тауарды көріп, өлшеу үшін келеді.

Kaspi Жұма кезінде сатылым 30-40%-ға өседі. Қазақстанның бес қаласында сату нүктелері мен жаңа жұмыс орындарын аштық. Кәсіпкерлердің тауар айналымының артуы — ел экономикасына қосылған үлес. Сонымен қатар Kaspi-де Alіraу арқылы төлеу мүмкіндігі бар, бұл шетелден келетін клиенттер санын көбейтті. Олар көбіне шетелде жүрсе де, Отанымен байланысын сақтағысы келетін қазақстандықтар», — дейді Qazaq Soul сату бөлімінің жетекшісі Динара Бектемір.

«Жемчужина» зергерлік салондары желісі де сату географиясын кеңейтіп келеді. Қарағандыда өндірілген авторлық алтын және күміс әшекейлер Kaspi Жеткізу арқылы бүкіл Қазақстан аумағына тарайды.

«Kaspi Жұма арқасында бизнесіміздің географиясы кеңейді. Адамдар Kaspi Жұманы біледі және сенеді: ірі әшекейлерді, саны шектеулі топтамаларды жиі сатып алады. Осы кезеңде сатылым көлемі 15-20%-ға өседі. Бұйымдарды тойға, мерейтойға, сырға салуға, туған күнге алады. Көптеген маңызды сәттер зергерлік әшекей арқылы есте қалады», — дейді «Жемчужина» бөлшек-сауда желісінің директоры Эльвира Борзилова.

Tau House отбасылық демалыс кешенінің қонақуы, мейрамханалары, SPA орталығы және таза тау ауасы алғашқы минуттардан ақ өзіне баурап алады.

2025 жылдың соңынан бастап мини-курортқа Kaspi Travel арқылы брондауға болады. Kaspi-мен серіктестік брендінің танымалдылығын айтарлықтай өсірді, дейді мұндағылар.

«Kaspi Travel — ыңғайлы, ауқымы кең және сенімді плат-

форма. Брондау процесі жеңілдеді. Біз туралы бұрын білмеген қонақтар келіп, кейін қайта оралады. Kaspi Жұма кезінде демалысты кейінге қалдырып жүргендер тур сатып алады. Географияның кеңеюі ішкі туризмге серпін береді. Бұл керемет, өйткені біздің Қазақстанымыздың тамаша жерлерін көзбен көруге мүмкіндік бар.

Айта кетейін, Kaspi Жұма кезінде Kaspi Travel арқылы брондаған қонақтарға негізгі тарифпен 10% жеңілдік ұсынамыз», — дейді Tau House атқарушы директоры Варвара Менжулина.

Ве Fine қонақүй кешені де бүкілхалықтық тиімді зат сатып алу мерекесінде шет қалмады. Kaspi Жұма қарсаңында қонақүй қонақтарына тосынсыз әзірледі.

«Kaspi Жұма мен Kaspi Travel арқылы брондаған қонақтарға сыйлықтар жасаймыз. Мұндай демалыстың басталғанын әлеуметтік желілерде хабарлаймыз. Түрлі өңірден келетін қонақтар саны артты. Олардың барлығы Kaspi.kz қолданушылары. Бізге басқа қонақтар қалалардан көптеп келе бастады», — дейді Ве Fine менеджері Батима Қайратқызы.

Almaty Resort-та тек демалыс қана емес, санаторийлік емдеу мен сауықтыруды да ұштастыруға болады.

«Kaspi Travel — қонақтар үшін ыңғайлы, экранды бір рет қана басып сатып алу мүмкіндігі бар, бұл біздің клиенттерімізбен өзара әрекетімізді жеңілдетеді. Әртүрлі өңірден келетін қонақтар көбейіп келеді. Бұл ішкі және сауықтыру туризмін дамытуға жақсы серпін береді», — дейді Almaty Resort басқарушы директоры Еркеғали Серікжан.

Kaspi Жұма — денсаулыққа да қамқорлық жасаудың жақсы мүмкіндігін ұсынады. Еліміздегі әйелдерге арналған Ya ең ірі фитнес-студиялары желісі абонементтерді арнайы шартпен ұсынды. Ол арқылы үш айлық пакеттерді жеңілдетілген бағамен сатып алып, 60 мың теңгеге дейін үнемдеу мүмкіндігі пайда болды.

«Әйелдер бізге денсаулығын жақсарту үшін келеді. Kaspi Жұма — үлкен мүмкіндік кезеңі. Бұл кезде келушілер саны көбейеді әрі абонементтерді тиімді бағамен сатып алуға жақсы мүмкіндік бар», — дейді маркетинг



Динара Бектемір



Еркеғали Серікжан



Ләззат Өмішева немересімен



Ермахан Абыыр

тұрып-ақ көбейеді. Адамдар тауарларды алдын ала қарап, зерделеп шығып, Kaspi Жұма кезінде ең тиімді бағамен, жеңілдіктермен және жоғары бонустармен сатып алу үшін қайта келеді. Көбіне офлайн таңдаудан кейін тап-



Айгүл Бейсенова

сырысты онлайн рәсімдеп, тегін жеткізуді пайдаланады.

«Немерем музыка мектебіне барады, сабаққа пианино қажет болды. Біз Kaspi Жұманы пайдаланып оны жақсы жеңілдікпен алдық, ал берілген қосымша бонуска шансорғыш сатып алдық. Kaspi Жұма кезінде заттарды онлайн рәсімдедік. Бұл тиімді. Оған қоса жылдам, тегін жеткізіп берді. Kaspi Жұма биыл бізге ерекше болды», — дейді Ләззат Өмішева.

«Жалпы, баршаға Kaspi Жұманы пайдалануды ұсынамын, өйткені бұл өте тиімді. Мысалы, біз қазір жөндеу жұмыстарын жүргізіп жатырмыз, бәрі қажет. Бүгін кір жуғыш машина мен кептіргіш алдық, тағы да пісіру панелі бар», — дейді сатып алушы Динара Бекбатырова.

«Kaspi Жұма бізде өте белсенді өтеді, тауар айналымы шамамен 80%-ға артады. Сонымен қатар Kaspi Жұмада белгілі бір тауар-

ларға жеңілдіктер жасаймыз. Клиенттер мысалы техниканы көп сатып алғысы келсе, дәл Kaspi Жұма кезінде келеді.

Онлайн тапсырыстар саны артып келеді. Ал офлайн дүкендерге клиенттер тауарды көріп, қолмен ұстап байқап, кәсіби кеңес алу үшін келеді», — дейді Mechta.kz супервайзері Айгүл Бейсенова.

Kaspi Жеткізу қызметінің курьерлері еліміздің түкпір-түкпіріндегі миллиондаған мекенжайға зат жеткізеді.

Kaspi Жұма кезінде жұмыс күні әдеттегіден ертерек басталады. Жеткізу қызметтері жұмысқа қосымша қызметкерлерді алып, логистиканы мұқият жоспарлайды.

Клиенттерге ыңғайлы болу үшін бүкіл ел аумағында 10 мыңнан астам Kaspi Postomat орнатылған.

«Клиенттердің басым бөлігі Kaspi Postomat-қа жеткізуді таңдайды. Жай күндері мен 20 Kaspi Postomat-ты толтырамын, ал Kaspi Жұма кезінде 35-40-қа дейін барамын. Бұл әрі сатып алушыларға, әрі курьерлерге де ыңғайлы. Бізге көптеген жеке мекенжайларға барудың қажеті жоқ — барлық тапсырысты бір нүктеге жеткіземіз. Бұл әрі-бері жүріс санын қысқартады, сәйкесінше жолдардағы кептеліс те азаяды», — дейді Irbis Logistics компаниясының курьері Айбек Оразақын.

Қазақстандық кәсіпкерлер үшін Kaspi Жұма — бұл сауда көлемі артып, географияны кеңейту, бизнесті ауқымдау және бүкіл ел деңгейіне шығу мүмкіндігі. Қазақстан экономикасы үшін — бұл тиімді зат сатып алу мерекесі, ол экономикалық өсімнің драйвері болып, бюджетке салық түсімдерінің артуына және сауданың дамуына ықпал етеді. Ал тұтынушылар үшін Kaspi Жұма — қажетті әрі пайдалы тауарларды тиімді бағамен сатып алу мүмкіндігі.

ЖАҚСЫНЫҢ ЖАРЫ

21 АҚПАН 2026 | СЕНБІ



Рахымжан Отарбаев сөздің салмағын сезінетін, үнсіздіктің өзінен мағына еститін қаламгер еді. Ол – қазақ болмысының иірімдерін тереңнен қозғап, ұлттық рухты пафоссыз, қуатты леппен сөйлете білген жазушы. Драматург ретінде де қолтаңбасы айрықша еді: сахнадағы сөз бен үнсіздіктің арасынан тұтас бір дәуірдің тынысы сезіледі. Оның туындылары уақытпен бірге өзгермейді, есесіне, уақытты сөйлете біледі. Оның жазған дүниелері – жүректен шыққан сөздің жаңғырығы. Жазушының жары Сәуле Отарбаевамен қаламгердің адами болмысы, қаламгерлік қуаты туралы сыр шерттік.

– Ең бірінші оқырманы да, кейіпкері де – өзіңіз. «Құдай сені менің мандайыма жазған» дейтін сол бір кезеңге қайта сапар шегіп көрейікші.

– Ол кез ұмытылмас, жанында жаңғырып тұрар, жүрегіңді жылытып жүрер кездер ғой. Қуана, сағына еске аламын. Ол кез менің студент шағым еді. Рахымжанның тілші болып жарқырап, тұлға болып калыптасқан уақыты. Жеке өмірі киындау, жалғыздықтан шаршаған кезі екенін кейін білдім. Ол мен үшін ақылды ағам болып жолықты. Мен оны жазған мақалалары арқылы сырттай өте жақсы танитынмын. Өзіме ұстаз санап, экология, тарих туралы жазғандарын оқып, жазу шеберлігінен үйреніп, мектептің соңғы жылдарында журналистикаға бет бұрып жүрген шағымда үлгі тұттым. ҚазГУ-дің 5 жатақханасында кездестік. «Ағам» деп, «жерлес қарындасым» деп сыйластық. Кездескеннен көп әңгіме айтушы еді. Мен үлкен адам деп қабылдап, «үлкенді сыйла» деп өскен қазақы отбасы тәрбиесін көрген қыз бала ретінде сөзін бөлмей тыңдаушы едім. Ақылын тыңдайтын едім. Бұрыннан білетіндей, таныс-біліс жандардай, тек көптен кездеспеген адамдардай болды. Ол мені бір көргеннен жастай айырылған анасына ұқсатқан. Оның бара-бара күнде келгісі келетіндігі, демалыс күндері танертеңнен кешке дейін бірге болғысы келетіндігі кейде шошытатын, кейде көмектескім келгеннен уақытымды арнайтынмын. Көше аралап, саябақ аралап көп жүретінбіз. Мейрамханадан тамақтанып, тауға да шығып, әйтеуір бір бітпейтін әңгіме әңгімеге жалғасатын. Бала кездегі қайғысы, сағынышы, мұны, зары, запыраны ішінде анасы, ақасы, әжесі, атасы, інісі, қа-

рындысы жүретін. Бір кезде архив копарған, кітапханада сарғайған күндерінен қазақтың тарихын, әдебиет туралы әңгімелерін, жазушы-тарихшы ретіндегі Жәңгір, Исатай мен Махамбет, Мұхаммед-Салық Бабажанов деп кете берер тарих пен тұлғалар туралы айтып, жазғысы келетін шығармаларын, арманын айтқанда, «ағай, сонда сіз» деп басталар қазір күн биігінен ойласам, менің ақымақ сұрақтарыма ренжімей, «ол былай ғой» деп асықпай жауап

Жаза-жаза саусақтарына қаламнан сүйел шықты. Кей-кейде маған ол қаламмен емес, саусақпен жазып жатқандай көрінетін, кейде ақ қағазда жүгіріп бара жатқан қаламы оның оң қолының алтыншы саусағына айналып кеткендей көрінетін.

беріп, терең білімі, көрген білгеніне тәнті етуші еді. Бірақ үйіне қайтқысы келмейтіндіктен, кітапхана соңғы қонырауын соғып, «шығыңыздар» дегенше отыратынын, сенбі-дүйсенбіде де жұмысқа кетіп қалатынын, «мандайымнан сипайтын бір жан болса, енді қалған ғұмырын қиғысы келетінін», «ақ қаздар арасынан аққуын ажырата алмаған бейбақ екенін» (Мұқағали) жасырмады. Кей сөздерінен шошып, үркіп қалғанда «ағанның да жігіт екендігін білмейсің бе?» деп күлгені есімде. Мәрт екендігін, жұмсақ мінезді екендігін, қыз баласын сыйлап, құрметтеп білетіндігін, ішкі мәдениеті сондай биік екендігін танып,

жеке шекараны сақтай, сыйлай білетіндігін көрдім. Сондай биязы, кішіпейіл адамның кейде тік, турап түсер мінезін де көргенде «қалайша» деуші едім таңғалып, «өмір өзгертеді ғой» деуші еді...

Қыз баласының өміріндегі, жалпы әйел адамының өміріндегі біреуде болатын, біреулерге бұйырмайтын шуақты кез туралы сұрап сағынышымды оятып, ризашылығымды тағы да бір қайталап жатырсын. Қыз бен жігіт болып осылай кездестік, сыйластық. Ол менің өмірімде болғаны үшін Құдайға да, Рахымжаным да күнде алғыс айтамын. «Ренжіткен кездерім болса...» деп жиі кешірім сұраймын. Бүгінде осы дағдыма айналған әдетті күнде қайталайды. Күнде, күн сайын таңғы тілек айтып, өз-өзіме әңгіме айтар уақытта ата-анамнан кейін, Рахымжанға ризашылығымды білдіремін. О дүниесінде тыныштығын тілеймін. Риза болғандығы шығар, түсіме көп еңбейді.

– Рахымжан ағаның әлемі бөлек-тің. Ол әлемнің құпиясы неде?

– Алтыным, әр адам бөлек әлем екені рас. Қанша адам пәндесі бар, сонша әлем бар ғой. Тек қандай әлем? Әңгіме – сонда. Біз қандаймыз? Бізді Алла Тағала қалай жаратты? Біз қандай ата-анадан келдік жарық дүниеге? Қандай миссиямен келдік? Бұл әлемге өзімізден соң не қалдырамыз? Әңгіме тағы да осында.

Иә, Рахымжан ағанның әлемі бөлектеу еді. Сан қырлы, сан түсті әлемге ие еді. Артында соның куәсіндей болып қалған «төрт құбылам» деген төрт ұрпақ сүйдік. «Жалғызым» деген ұлы мен «үш көкем» дейтін үш қызымыз қалды. Үнемі «Құдай-ай осылар мен көрген, біз көрген қиындықты көрмесе екен, жолдарына жақсы адамдар кездессінші» деп отыратын.

Есімде, Ермерейі туғанда Алматыда көп көштік. Бесіктегі бала кезінде Татарка деген жерде тұрдық. Өзі бөлеп, өзі тербетіп, ұйықтата беретін. Қазір ойласам, ұзақ армандаған ұлы ғой, бақытым деп санаған екен. Сол сәбін тербетіп отырып, сөйлеп отыратын: «ақылды бол, ақыл – ол адамға Құдайдың берген ұлы сыйы.

Малдан, жан-жануардан адамның айырмасы – ақылында, санасында» деп. Әкелік әлемінің куәсіндей болып, сол құлыншақтары жүр өмірін жалғастырып. Беу, дүние, уақыт-ай десеңізші?! Менің санамда, көз алдыма әлі тұр сол көрініс. Құдай-ай, кейде Атырауда отырып көкірегім сағынышқа толғанда, сол үй, сол көше, сол Алматыға барғым-ақ кеп кетеді. «Койшы, Рахымжаны жоқ Алматы ғой» деп, ол менің жанымда, ол кез менің болмысыма, ол жан менің өміріммен өріліп кетті ғой деп сабырға келесің. Сол сағынышыңды

Алланың өзі «сен сондай боласын» дегендей ағана. Рахымжан да сол жолдан таймады, оқыды, тоқыды, ізденді, мойымады, сынбады, жазды, тағы да жазды... Жаза-жаза саусақтарына қаламнан сүйел шықты. Кей-кейде маған ол қаламмен емес, саусақпен жазып жатқандай көрінетін, кейде ақ қағазда жүгіріп бара жатқан қаламы оның оң қолының алтыншы саусағына айналып кеткендей көрінетін. Ақ қағазға жазу емес, ою ойып жатқандай еді. Қазір ойласам, шынымен де уақыт та оқиғалар да бұза алмайтын ою салып кеткен екен. Ойлашы,

Сәуле ОТАРБАЕВА, жазушының жары:

Қаламы алтыншы



аркалап, ойша бірге жүрген қыр мен сырды аралап келетінің қандай жақсы?! Бізге сондай сезім берген Құдай шебер ғой. Сабыр жаныңды тыныштандырады. «Бәрі дұрыс» дегендей, елес болып келіп кетеді. Сосын өзінді өзін тағы да сабырға шақырып, бүгінгі күніне қарап жұбанасып, «тандан да жұбан» деп өзі айтып кетті ғой маған деймін. Артындағы ізгілікті ісі, өшпес жазуы мен бала-шағасына қарап, «шүкір» демесе еш себеп жоқ. Азан ойнаса, «ата хабарласып жатыр» деп телефонды ала шабатын сәби Жаһангирі оның аталық әлемі ғой... Ешкімге ұқсамайтын ата да еді ол... Ол қошақаны өсіп, «атаның ауылына алып баршы» деп жүр, періште жүрегіне атасы салып жатыр ма білмеймін, бірақ ата жұртына, атақұлдігіне апарып, аунатып келуім керек-ақ... Аталық әлемі тоқтап қалған деп кім айта алар?! Жалғасып жатыр, жалғасады да. Оның да онаша сәттерде Құдайдан тілегені сол еді ғой. Есте-ліктер сен қойған сұрақтан аулаққа өкетіп жатса, айып етпе. Бұл да жұбайы ретінде куә болған Рахымжанның тағы бір әлемі ғой.

Шындығында, оның әлемі Ш бала кезден қалыптасқан. Ағанның әлемін Құдай анасын алып, балалығын сағынышқа малып, жазылмас мұңға құрса, саналы, биік өрелі етіп жаратып, Рахымжан әлеміне көркем мінездің, білімге құмарлықтың, қиял мен шеберліктің, ізденгіш пен терен білім мен тым, тым шебер суреткерліктің бояуын жаға салған.

қандай қалам құдіреті шыдайды ол жазған сөздің салмағы мен бағасына... Әрине, саусаққа айналған қалам ғана...

Ағаң әлемінің ішіне «Құдай сені менің мандайыма жазған» дегеннен мен де еніп, кейде әйелдікпен «бүлдіріп», көбіне жаның жылуға бөлеп үйіне асығатындай отбасылық әлемін жасауға тырыстым. Өмірінің соңғы жылдары сыбырлағандай етіп: «Менің жанымды сен түсіндің. Ризамын саған. Мүшелдей айырмашылығы бар ұрпақ бір-бірін түсінуі қиын деуші еді. Бірақ мені сен түсіндің» деуі де содан шығар. Әлі де түсінумен келемін. Қалған ғұмырымда түсіне беретін де шығармын. Оның әлемін әрлей беретін де шығармын. Алла Тағала тек мүмкіндік бергей. Оның әлемі қазақ боп жаратылғаннан кейін, қазаққа қызмет еткеннен кейін қазақпен бірге жасай береді деп сенемін қазақтың Рахымжанның әлемі. Құпиясы жоқ, егер бар болса құпиясы қарапайымдылығы мен шынайылығында деп ойлаймын.

«АҒАҢ АСАУ ЕМЕС, ЖАНАРТАУ ЕДІ...»

– Қалдыр Мырза Әлінің «ақынға керек ақыл көп, асаулық керек азданған» дейтін өлеңі бар. Бұл мінез – ақынға ғана емес, жазушыға да керек қасиет. Ағаның бойындағы асаулық туралы не айтасыз?

– Асау екені рас еді, Гүлзина. Асау болмаса, тәуекелшіл болмаса, ол маған ұнамас еді. Мен оны тү-

ЖАҚСЫНЫҢ ЖАРЫ

21 АҚПАН 2026 | СЕНБІ

сінбес едім. Мен онымен отыз жыл емес, отыз күн де тұра алмас едім. Бір ізбен кіріп, бір ізбен шығатын, жылы су құсап жылжып ағатын адаммен тұру мүмкін емес мен үшін. Адам өмірінде сілкіністер болмаса қиын ғой, рухани сілкініс, ой сілкінісі. Ағаң асау емес, жанартау еді. Сол жарылыстарынан кейде өзі де түсінбей қалатын сәттері болатын. Сап, сап деп отырушы едім. Өзіме де, оған да. Бала күнгі қайғысы мен азамат боп, ат жалын тартқан кезде көрген қиындықтарынан пайда болған деп түсіндім. Сол ала жолақ өмірдің қарасынан алып өтуге тырыстым. Ең бастысы, сол асау мінезімен, өмірдегі де, өнердегі де мінезімен артына өлмес, өшпес рухани мол мұра, шексіз байлық қалдырып кетті.

ма болып көрінгенімен, көп мақсатты көздеген өте күрделі шығарма. Автордың іздегені — жәй Бас емес, жауынгер ақын Махамбеттің Басы және қазақтың жоғалтқан рухын, рухани дүниесі. «Бас» драма да, роман да болып жазылуы тектен тек емес. Биліктің Рахымжанның «Басынан» қорқуы да тектен тек емес шығар. Наукас екенінді айтқан адамнан қорқамыз, қашамыз, оның өзін ауру дейміз ғой, өкінішке қарай.

Аяқталмай «Қыз Данайдың қырғыны» атты романы қалды. Жеке кітап етіп шығардық. Оқырман көп іздейді. Мүмкін сүйікті жазушыларының соңғы көңіл күйі қалай болды, жүрегі не деп соқты, білгілері келетін болар...

— Рахымжан ағаның «Көргенбаққан» атты дүниелері арагидік

қазір тынышталады» дейтін. Кейін білдім «нитроглицерин» деген дәрі екен. Бір қызығы, кейін кардиолог дәрігерге барғанда жүрегінің еш ақауы жоқ деп таңғалғанын айтып келіп, жинап жүрген жүрек соғысын көрсететін ұзыннан-ұзақ қағаздарын керек емес деп балаларына ойнауға берген. Ермерейі бастап, кейін Қаракөзі қостап, есіктен төрге дейін төсеп сурет салып, шатпақтап тастап еді. Соған қарағанда туа бітті емес, жүре бітті пайда болған дерт болса керек. Дүниеден өтерінен 3-4 жыл бұрын арқа тұсы ауырып, сипап берші деп, «батырып, батырып сипашы», «түйіліп тұрған жерін жазып тегістеп жіберші» дейтін. Әсіресе, жұмыстан кейін. Түнде демалар сәтте мазалайтын. Бір кеште «мынау қорқы-

геріп те тастап жүрді. Сол жүрек ақыры алып кетті...

— Рахымжан Отарбаев атындағы театр фестивалі аға есімін ұмыттырмай жалғасын тауып келеді. Бұған себепкер болып жүрген де өзіңіз. Дегенмен республикалық деңгейде фестиваль өткізу де оңай емес. Бұның бәріне демеуші табасыз ба?

— Фестиваль да, басқа да ірі жобалардың демеушісі де, қолдаушысы да ағаң өзі айтқандай — «алтын бесік Атырауы, туған жері». Ресми тілмен айтсам, Атырау облыстық әкімшілігі. Өлке басшыларына, мәдениетті басқарушы азаматтарға алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Әрине, басы — қасында өзім, бала-шағамыз.

— Қаламгер біраз жыл Астанада тұрды, бірақ кейін Атырауға қайта оралған секілді. Не себеп? Туған жерден алыстағысы келмеді ме?

— Иә, алдымен өзі жұмысқа тұрып, бізді зорлап көшіргендей, 2006 жылы Астанаға қоныс аудардық. Шыны керек, Атырауды қимай көштік. Балалар мектептерін ауыстырды. Бірақ ол күндіз-түні қызметте. Жұмыста да жазу, үйде де жазу болып қатты қажитын. Оған жетпейтіні — балаларының у-шуы, солармен әңгімелесіп сырласуы, сенбі сайын екі кішкентай қызын қыдыртуы еді. Балалар жерсінбеді, біз кері көштік. Маған кәсіп ашуыма көмектесті. Біз Атырауға оралғанмен, ол Қаракөзімен тұрып жатса да үш ай демалыста Жансаясы мен Жамалын келіп, алып кететін. Екі қаланың ортасын жол қылды. Қаракөзі оқуын бітіріп, тағы оқимын деп шетке кеткенде елге оралды. Дегенмен Астананы жақсы көрді. «Көшейік, түбегейлі кетейік» деген әңгімені кете кеткенше тоқтатпады.

— Шығармашылық адамының бабын табу оңай емес. Жазушының жарына қойылатын ең бірінші талап қандай?

— Әр әйел ерінің мізезін, нені жақсы көреді, қандай тағамды ұнатады, тіпті кейде сенің қалай киінгенінді ұнатады деген сияқты тұрмыстық мәселелерді біліп-білісіп алған соң бір-біріне жағымды дүниелер жасауға тырысу керек деп ойлаймын. Әр қазақ ер азаматының жұбайы солай жасаса керек. Ал шығармашылық адамының күн тәртібі өзгеше, ол күн мен түнге, жыл мезгілі, апта күндері сияқты шектеулерден шығып кететін болғандықтан соған икемделіп, ерінің бабын табуға тырысқан бәрі дұрыс болады деп ойлаймын.

ТАЛАП — ЖАНЫН ТҮСІНУ БОЛСА КЕРЕК

— Рахымжан Отарбаев арманы қандай еді? Ол арманына жете алды ма?

— Әр әке, әр ата секілді Рахымжан ағаның да армандары болды, әрине. Көп арманын өзі орындап та кетті. Бірақ ол тұлға, қайраткер еді ғой. Сол деңгейдегі арманы алаштықтармен үндес еді. Ел тағдыры, тіл тағдыры, жер тағдыры үнемі жүрегін ауыртатын, үнемі үлкен-кіші отырыстарда дауыс көтертетін, мінез көрсететін сол арманы еді. Жастарды қолдайтын, шығармашылық талантты жас көрсек қаржылай да, басқалай да көмегін аямайтын. Үйге де жатқызып, киім де алып беріп, ағалық, керек де-

сеңіз, әкелік те қамқорлығын көрсететін. Оны елі, жұрты жақсы біледі. Рахымжанның арманы «қазақ дүние тұрғанша тұрса екен, сөзі өлмесе екен, ұлттық бояуынан айырылмаса екен» деген ұлтының ұлы арманы еді. Арманы орындалады деп сенемін.

— Рахымжан аға көзі тірі болғанда қазір не жазар еді деп ойлайсыз?

— Ол соңғы романын жоспарлап жүрген. Ірілі-ұсақты 2-3 пьеса, әңгімелерін жазып, қаламды тастаймын деуші еді. Жазғандарын қайта қарап, басын қосып шығарып, жарнама, насихат, таратумен ғана айналысамын деуші еді. Құдай маған осы жоспарыма мұрсат берсе деуші еді. Жетпей кетті, жете алмады. Жазу үстелінде бітпеген «Қыз Данайдың қырғыны» қалды... «Әлия» апасы туралы пьеса жазу жоспары орындалмай қалды... «Шіріккің, Сүйінбіке туралы жазсам» деген жас кезіндегі арманы болған...

Бұл өмірдегі соңғы жазуын «Рахымжан Жаһангир, Рахымжан Жаһангир, Рахымжан Жаһангир» деп алдындағы ақ қағазына, өзі айтпақшы, бұл өмірдегі соңғы алданышының есімін үш қайтара жазып кетіпті...

— Ұлы, қызы, немересі... Қайсысының мінезі әкесіне, атасына ұқсайды?

— Жалғыз ұлы Ермерейі, Қаракөз, Жансая мен Айжамалы, немере-жендері Жаһангир, Данай, Кайа... Бәрінде де Рахымжанның мінезі, болмысы, аманаты, арманы жүр... Ермерейінде тіке мінезі мен сөзінен қайтпайтын қасиеті қалды. Қаракөзінде қаймықпас мінезі мен қаламы қалды. «Әлия Молдағұловам» деп әкесі босқа айтпапты. Жансаясынан ұқыптылығын, көп сөйлемейтін тұйықтығын, әр істі аяғына жеткізер тиянақтылығын, Жамалынан жұмсақтығы, аңқалығын, уәдеге адалдығын, оқуға құштарлығын көремін. Дүниеден өтіп, 3 күндік кәдесін берер таңда түсіме еніп: «Жаһангирімнің қорғаушы періштесі боламын» деді. Кей-кейде жанымда тұрғандай сезім болады, әсіресе Жаһангирімен отырған сәттерде... Демалысын да сезгендей, жылтылық жүріп өткендей, тылсым сәт тұрады ауада. Жаһангирінің «Ата» алғашқы сөзі еді... 9 айлығында Чехия мен Германия жолікте көлікте бара қатып айтты еді... Атасы естіп ұшып кете жаздаған... Қайран, қазақы жүрегі-ай...

Қайталап айтсам, сол ботақаны «ата ауылына барғым келеді, атқа отырғым келеді» деп жүр. Құлыншағының аузына атасы салып тұр ма?! Уәде бердім, алып баруым керек. Лотос гүлдегенде... Алла бұйырғанда... Атасының ауылы жер жұмағы ғой. Ол жерде бабалары жатыр. Рахымжан атасы айтпақшы, «кіндігімен байланған жер». Балалары да айналып келіп соғып тұрар атақұлдіктен ұзасаса деймін. Данай соңғы кейіпкерінің есімін иеленді. Өзі қойып кеткендей маған. Әлі кішкентай, қыз бала ғой. Бала кездегі үш апатайын кезек көремін. Тегінде бар дүние ешқайда кетпейді ғой... Ұрпақ үзілмегей...

— Әңгімеңізге рақмет, Сәуле апай! Рахымжан ағаның шырағы сөнбесін!

Әңгімелескен
Гүлзина БЕКТАС

ОҢ ҚОЛЫНЫҢ САУСАҒЫНДАЙ ЕДІ...

Бастысы сол деп ойлаймын. Оның қалай өмір сүргендігінің белгісі — артында қалған ізі. «Шын талант алыстаған сайын жарқырай береді» деген өмірдегі іні-досы, керемет ғалым Мақсат Тәж-Мұрат. Артық айту қиын маған...

— Аға өмірінің соңында прозадан гөрі драматургияға көбірек бет бұрып кеткен сияқты көрінеді. Драматургия болғанда да кіл тұлғаларды жазды. «Бейбарыс сұлтан», «Мұстафа Шоқай». Ол кісінің бұл жанрға бет бұруының сыры неде?

— Драматургияға деген махаббаты ерекше-тін. Драматургияға қаламгер ретінде қалыптасып, келіне келген кезде келуі де, келгенде де тоқтамастан бірінен соң бір пьесаларын жазуы және өзі сүйген қазақтың тарихына «кетіп қала беруі» кездейсоқ емес деп ойлаймын. «Сырым батыр», «Хан Жәңгір», «Әміре», «Темірбек Жүргенов», «Ғабит», «Фарица мен Мұқағали», қай-қайсысын айтсам да оның жүрегін жаралап барып жазылып, жарқырап сахнадан шыққанда қуанышқа бөлеген сәттер еді. Ол өзі үшін емес, сөне бастаған жұлдыздардың қайта жаңғырына, ұмытыла бастаған тарихтың қайта шыққанына қуанушы еді. Драматургиясының екінші үлкен тақырыбы — жер, тіл, Отан тақырыбы еді. Прозаны оқымайтын оқырман болса, солардың жүрегіне қазаққа керек рух пен жасампаздықты театр сахнасынан сепсем деген мақсатпен келді деп ойлаймын. Ол драматургтық мақсатына жетті де.

— «Бас» романын театрда қойды. Одан бөлек, ағаның аяқталмай қалған, еш жерге басылмаған дүниелері болды ма?

— Әр шығармасы ол үшін ерекше еді. Әр еңбегінің тарихы бар. Тек жазылуы ғана емес, жазып отырған тақырыбына қалай келді деген тақырып та оқырмандарын жиі ойлантады. Қазір де мені әлеуметтік желіде тауып алып сұрап жатады. Әрине, оның жазушылық баға-жында жалпы азаматтық құндылықтарға негізделген дүниелермен қатар, адами қарым-қатынасты суреттейтін және тарихи тақырыпқа көп барғанын көруге болады.

Өзін айтып отырған «Бас» та бір қарағанда Махамбет бабамыздың тарихи бет-бейнесін айқындауды мақсат тұтқан шығар-



баспасөз беттерінде жарияланып тұрады. Ол кісінің жеке қойын дәптерінде жазылған, жариялануға болмайтын естеліктер бар ма?

— «Күнделік — менің өмірім» деген Рахымжан ағаң бала кезден күнделік жазған. Күнделік ол адам баласына тіс жарып айтпайтын да дүниелерден құралады ғой. Ағаңның күнделіктерін компьютерге теріп бастадым. Жылдар жылнама-сымен. Бірақ әртүрлі шаруалармен бітіре алмай жатырмын. Көп сұрап, көп іздейтін дүниесі. Баспа бетін көреді, қазақтың дариялы дүниесіне кітап болып қосылады деп ойлаймын.

Әрине, әр адамның тек өзі үшін ғана жазылған ойлары, өмірлік оқиғалары болады. Оны мен сүзгіден өткізетін боламын. Ол құпия болып қалуы керек деп ойлаймын. Олар жеке өміріндегі қиындықтары мен айналасында жүрген адамдар туралы ой-пікірлері...

«АСТАНАНЫ ЖАҚСЫ КӨРДІ»

— Рахымжан ағаның танысқан кезде-ақ жүрегі ауыратынын, үнемі дәрі ішіп жүретінін білдім деп жазған екенсіз. Ол кісінің сырқаты бала кезден пайда болған ба, әлде басқа себептері бар ма?

— Иә, шанырақ құрмастан бұрын білгенмін. Көшеде келе жатып жүрегің ұстап тұрып қалатын. Қалтасынан кішкентай қызыл дәріні алып, аузына салып, «қазір кетеді,



тып тұр» деп «Жедел жәрдем» шақыртып, ауруханаға бардық. Сырттан ағайындар көріп, туысқандар чатына салып жіберген. «Рахымжан моторы бұзылып, ауруханада жүр» деп. Ол Нұрлан аға Балғымбаевқа жеткен. Аға тапсырма беріп, Астраханьнан мықты кардиолог қандасымыз Мәлік деген дәрігерді шақыртыпты жігіттер. Кейін «келіп кетіңіз» деп қызы Қаракөз екеуі тағы барып келді. Бірақ денсаулығын күтуге, емделуге жок еді. Біреулер үшін жүгіреді. Өзі күтінбейтін. Иссапарларына кетерде әрқайсысын бөлек-бөлек орап, сыртына қабылдайтын күні мен уақытын жазып жібергенде, сол ораулы күйі қайтып алып келуші еді. Иссапарларын кейінге ше-

ӘЛЕУМЕТ

21 АҚПАН 2026 | СЕНБІ



Жақында Nestle компаниясы нәрестелерге арналған сүт қоспасының бірнеше партиясын әлем бойынша кері қайтаруды бастады. Өздері жүргізген талдауға сәйкес, былтырғы жылдың сәуір-қараша айларында шығарылған өнім құрамынан сәбидің асқазан-ішек жолына қауіпті токсиндер табылған. Компанияның зерттеуінше, бұл қоспалар баланың ішін ауыртып, құстырып, диареяға себеп болуы мүмкін. Швейцариялық компания шағым түспей-ақ осындай қадам жасады.

Айсұлу СЪЕЗХАН

Ал мұндай жағдай ілуде бір кездеседі. Денсаулық сақтау министрлігіне қарасты Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің хабарлауынша, елге сырттан келетін өнімдерден көп жағдайда күмәнді қоспалар табылып жатады. Азық-түлік мамандары дәл осы импорттық өнімдерді сатып аларда, мұқият болуға шақырады. Бүгінде Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы 200-ден астам ауру қауіпті тағамнан болатынын хабарлайды.

Өкінішке қарай, сырттан келетін тауардың бәрін арнайы сынама алынып, жаппай тексеруге жіберілмейді. Егер азық-түлік тауарларының сертификаты мен құжаты дұрыс болса, бірден дүкен сөрелеріне жіберіледі. Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитеті шағым түссе немесе жоспарлы түрде ғана кей өнімдерді зерттеуден өткізеді. Комитет былтыр 22 мыңнан аса өнімге тексеру жүргізіп, оның 11,4 пайызы талапқа сай емесін анықтаған. Сол қауіпті тағамдардың 74 пайызы сырттан жеткізілген көрінеді. 22 мың тауарды тексеру нәтижесінде, 137 әкімшілік іс қозғалып, 25 миллион теңгеден аса көлемде айыппұл салынды, 753 тергеу жүргізілген. Тауар айналы-

АСТЫ ДА АЛДАП САТҚАН ЗАМАН...

мындағы 5,2 тонна тамақ өнімі сатылымнан алынған. Бұл – жалпы өнімнің тексерілген бір парасы ғана. Тексерілмеген өнімдердің ішінде қандай қауіпті өнімдер барын деп басып айту мүмкін емес. Былтыр зерттеуден өткен өнімдердің дені Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) елдерінің тамақ өнімдеріне тиесілі, оның ішінде 1 271 (9,5%) сынама техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмеген.

Мамандар импорттық тауарлардың ішінде шұжық өнімдерін таңдарда, күмәнмен қарау керек екенін айтады, себебі сиыр еті деп сатылған шұжықтардың құрамынан сиыр емес, тауық еті табылған, кейбірінің құрамынан шошқа еті анықталған. Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің бас сарапшысы Дана Қасқатаева: «Шетелден жеткізілген өнімдер, ЕАЭО елдеріне тиесілі, оның ішінде Ресейден келген өнімдердің құрамынан жаппай бактериялық ластану, ішек таяқшалары мен шошқа ДНҚ-лары анықталды. Қазір бұл тауарлар сатудан алынып тасталды, жойылды», – деп есеп берді. Былтыр елге 40 мың тоннадан аса шұжық өнімдері импортталған, өнімнің бәріне зерттеу жүрмегенін ескерсек, расымен де, абайлағанымыз абзал.

ТАУЫҚ ЕТІНЕН ҚАНДАЙ ҚАУІП БАР?

Кейінгі кезде Қытайдан контрабандалық жолмен жеткізілетін тауық еті көбейген. Көрші елде құс тұмауы таралып, Қазақстан бұл елден құс өнімдерін импортуға 15 жылға тыйым салған еді. Соған қарамастан, алаяқ кәсіпкерлер түрлі айла-шарғыға барып, құжаттарға басқа тауар атын көрсетіп, тауық етін заңсыз кіргізіп

жатыр. Жақында шекарашылардың қырағылығының арқасында 42 тоннадан аса күмәнді ет кері қайтарылған. Өкінішке қарай, бұл – анықталған жалғыз жағдай. Қазір шекара арқылы күмәнді құс еті тоқтаусыз өтіп, ішкі нарыққа кеңінен тарап жатыр, ал оның көлемін дәл анықтау мүмкін болмай тұр. Елге былтыр 120 мың тоннадан аса тауық еті сырттан жеткізілген. Бұл – нарыққа қажетті өнімнің шамамен 20 пайызы. Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитеті былтыр құс өнімдерінің 1 197-сіне сынама жүргізіп, оның 80 пайызы таңбалау бойынша сәйкес келмесе, қалғаны ылғалдың мөлшерден тыс болуы, физикалық-химиялық, бактериологиялық талаптарға сай болмаған. Азық-түлік мамандары тауық етінен төніп тұрған қауіп орасан дейді. Осы жағдайға байланысты нутрициолог мамандардан кеңес алған едік.

– Құс тұмауы – ең алдымен, құстар арасында тарайтын вирус. Егер ет санитарлық талаптарға сай өңделіп, толық термиялық өңдеуден өтсе, қауіп айтарлықтай төмендейді, алайда мәселе заңсыз екілінген өнімде болып тұр. Мұндай ет ветеринарлық бақылаудан өтпеуі мүмкін, дұрыс сақталмауы ықтимал, ет құрамында антибиотик қалдықтары, бұдан өзге де зиянды қоспалар кездеседі. Дұрыс сақталмаған тауық етінде сальмонелла секілді бактериялар көбейіп, адамды улануға әкеп соқтыруы мүмкін. Негізгі қауіп – вирустың өзі емес, бақылаусыз, сапасыз өнім. Дұрыс тамақтану маманы ретінде айтарым: етті тексерілген, ресми сауда орындарынан алу керек және міндетті түрде толық пісіріп қолдану маңызды, – дейді өмір салтын өзгерту және тамақтану мәдениеті бойынша маман Аңсаған Аллабергенқызы.

Қоғам арасында тауық етіне қатысты түрлі жалған ақпарат та басылмай тұр. Мысалы, кей мамандар тауықты тез өсіріп, молырақ өнім алу үшін гормондар қолданылады деседі. Ал мұндай гормондық дәрілер балалардың физиологиясына, ерте жетілуіне әсер етеді деген пікірлер бар. Біз бірінші санатты ересектер және балалар эндокринологы Гүлсана Тасмұрзаққызынан мән-жайды сұрап білген едік.

– «Тауықтағы гормондар балалардың ерте жетілуіне әкеледі» деген әңгімелер көп айтылады, бірақ бұл – миф. Иә, мал шаруашылығында гормоналды препараттар қолданылады, бірақ олар қатаң ережелермен, белгілі мақсатта (мысалы, сиырлардың көбеюін реттеу немесе ауруларды емдеу үшін) пайдаланылады. Әрбір препараттың ағзада қалай тарайтыны және қанша уақытта шығарылатыны нақты зерттелген. Сондықтан «енді сүт ішпейміз, сиыр етін жемейміз» деген үзілді-кесілді қорытынды шығару – қате, – дейді эндокринолог.

Оның пікірінше, әлемнің көп елінде тауық өсіруде гормондар қолдануға тыйым салынған. Әр тауыққа гормондық дәрілер егу – экономикалық тұрғыдан да, техникалық жағынан да тиімсіз.

– Гормон егілген деп елестетсек те, етті пісіргенде, гормондар ыдырап кетеді. Өсу гормоны – ақуыз, ол асқазанда бірден қорытылады, сондықтан ол жыныстық жетілуге әсер етпейді. Ет арқылы гормондар баланың жыныстық дамуын бұза алмайды. Бұл – күрделі биологиялық процесс, оны тағаммен «онай іске қосу» мүмкін емес, – дейді Г.Тасмұрзаққызы.

АЛАЯҚТАР ЕЛІМІЗДЕ ДЕ ТАБЫЛАДЫ

Жуырда бірнеше шай өнімінен қауіпті қоспалар табылып, сатуға мүлдем тыйым салынған еді. Оның ішінде «Апамның шайы», «Балкия Premium Gold», Sultan Suleyman, Aje onim, Al-Hayat gold, Al-Jannat Premium, Alfaraah сынды шай өнімдерін атап айтуға болады. Қызығы, мұның бәрі – отандық өндірушілердің жауапсыздығынан туындаған жағдай, демек азық-түлік алаяқтығы өз елімізде де бар. Бұдан өзге танымал өнімдердің фальсификаты анықталып жатқан жағдайлар да жетерлік. Мысалы, жуырда Шымкент қаласында MacCoffee сусының заңсыз өндіретін цех анықталған еді. Алаяқтар жалған кофеңи анти-санитарлық жағдайда, еден үстінде дайындап келген. Құрамындағы қоспалардың да не екені белгісіз.

– Кофе, шай немесе танымал бренд атын жамылып, жалған өнімдер жасайтын алаяқтар көп. Мұндай фальсификат өнімдер санитарлық талапқа сай өндірілмеуі мүмкін, ал бұл денсаулыққа айтарлықтай қауіп төндіреді. Жалған өнімдерден сақтану үшін азық-түлікті тек ресми дүкендерден алыңыз, белгісіз онлайн сатушылардан сақ болыңыз, өнім сыртындағы штрих коды мен жазудың сапасына мән беріп, танымал брендтің бағасы шектен тыс арзан болса, күмәнмен қарағаныңыз жөн. Тамақ – жай ғана ас емес, біздің иммунитетіміз, энергиямыз және ұзақ өмір сүруіміздің негізі. Сондықтан да сапаға әрдайым басымдық берген дұрыс, – дейді А.Аллабергенқызы.

Сарапшылар тауар нарығында жүйені ретке келтіріп, бірыңғай-

Мамандар импорттық тауарлардың ішінде шұжық өнімдерін таңдарда, күмәнмен қарау керек екенін айтады, себебі сиыр еті деп сатылған шұжықтардың құрамынан сиыр емес, тауық еті табылған, кейбірінің құрамынан шошқа еті анықталған.

Сонымен қатар сүт өнімдерінің 50 пайызға жуығы импорттық тауарлардың үлесіне тиесілі. Мамандардың ескертуінше, сүт өнімдеріне де сақтықпен қараған абзал. Былтыр қаптамасын жалған ақпаратпен толтыру, сары май мен маргаринге транс майлар қосу, пальма, өсімдік майларын қолдану сынды фактілер анықталған. Сонда азық-түлік өнімдерін таңдарда, нені ескерген жөн?

– Өкінішке қарай, кейде шұжық құрамында сиыр емес, шошқа еті анықталатын жағдайлар кездеседі. Бұл – тұтынушыны алдау ғана емес, кей адамдар үшін діни және денсаулық тұрғысынан да маңызды мәселе. Әрдайым дүкенге барғанда, өнім қаптамасын мұқият қарап, құрамын оқып, өндіруші туралы ақпаратты, жарамдылық мерзімін тексеріп, қаптаманың бүтіндігіне мән бергеніңіз абзал және тым арзан өнімдерден сақ болыңыз. Егер өнім күмән тудырса, ең дұрыс шешім – сатып алмау, – дейді дұрыс тамақтану маманы Аңсаған Аллабергенқызы.

ландыру қажетін айтады. Мәселен, әлемнің көптеген елі азық-түлік бақылауын бір платформаға көшіріп, тауарды шикізат күйінен бастап, оны өңдеу, қаптау, сақтау, тасымалдау, дүкенге жеткізуге дейінгі әрбір кезеңді мұқият қадағалап, ұдайы тексеріп, бақылап отырады. Соның нәтижесінде тұтынушылар азық-түлікті еш күмәнсіз сатып алуға мүмкіндік бар. Сауда және интеграция министрлігі биылдан бастап Ұлттық тауарлар каталогына (ҰТК) отандық және импорттық өнімдердің бәрі енетінін хабарлаған. Қазір ҰТК жобасы пилоттық кезеңнен өтіп жатыр. 2026 жылдың 1 қантарынан бастап кәсіпкерлерге Қазақстандағы барлық тауарды сату үшін ҰТК-нен NTIN кодын (тауардың цифрлық паспортын) пайдалану міндеттеледі. Осылайша, жаһандық цифрландыру талаптарына сай, тұтынушыға ашық, қауіпсіз және тиімді тауар нарығын құруға мүмкіндік туады. Ең бастысы, дұрыс тамақтануға әрбіріміз жауапкершілікпен қарау керек.

КӨКЖИЕК

21 АҚПАН 2026 | СЕНБІ

Кеңес кезінде ерлермен бірге тізе қосып, трактор тізгіндеген қыз-келіншектер болғанын білеміз. Бірақ осы күні бір ауылдан бір уақытта темірдің тілін білген үш арудың шыққанын естісек, таңдана қарайтынмыз жасырын емес.

Қарағанды облысы Шет ауданына қарасты Ақшатау кеңшарында (қазіргі Жарылғап батыр ауылы) туып-өскен Қанаткүл Исина, Райхан Күйкенова, Гүлсім Тонтаева еңбегін жерге арнаған жандар.

— Кең даланың төсінде трактор үні жаңғырып, жер жырттылып жатқанда, оның кабинасында ер-азамат емес, қайсар мінезді қазақ қыздары отырғанын біреу білсе, біреу біле бермейді. XX ғасырдың орта шенінде ауыл шаруашылығы ауыр еңбектің нағыз сынағы болған шақта трактор роліне отырған қыз-келіншектер ел тарихында өшпес із қалдырды. Олар — тың жерді игеруге, елді асырауға, соғыстан кейінгі шаруашылықты қалпына келтіруге белсене араласқан еңбек ерлері еді. Май сасыған мотордың жанында, шаң мен күннің астында жүріп, олар жер жырттып, егін салды, астық өсірді. Бұл — тек техника меңгеру ғана емес, әйелге тән нәзіктік пен ерге тән қайсарлықты қатар алып жүру еді.

Қарағанды облысының Ақшатау, Шет, Жанаарқа өңірлерінде құрылған қыздар трактор бригадалары ауыл өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Сол бригадаларда еңбек еткен аналарымыздың қолынан талай гектар жер түлеп, талай отбасының ырысы артты. Кейбірі жас келіншек болса да, кейбірі мектептен жана шыққан қыз болса да, олар темір тұлпарды ерлерден кем жүргізбеді, — дейді Жарылғап ауылының тумасы Аңғар Смағұл ағамыз.

Қанаткүл Есімбекқызы 1955 жылдың алтын күзінде, қазан айының 12-сі күні «Ақшатау» совхозында, қазіргі Жарылғап ауылында дүниеге келді. Балалық шағы туған ауылының топырағында өтіп, 1963 жылы алғаш рет қолына қалам алып, К.Маркс атындағы орта мектептің табалдырығын аттады.

— Мектепте спортқа құштар болып, әсіресе жеңіл атлетикадан Карл Маркс мектебінің абыройын асқатқатты. Жүгіріс жолында тек өзі үшін емес, мектебінің абыройын үшін тер төкті. Сол себепті де мектеп басшысы М.Тоқтарбеков біздің мектебіміздің мақтанышы деп орынды мақтан ететін, — деп еске алады Аңғар Смағұл.

Қанаткүл Есімбекқызы еңбек жолын «Ақшатау» совхозының №3 бөлімшесінде бастады. Шет ауданы орталығындағы №174 кәсіптік техникалық училищенің филиалынан III класты тракторшы-машинист мамандығын меңгеріп шыққаны кәдеге жарады.

«Қыздар техниканы меңгерейік!» деген жалынды ұранға үн қосып, мектепті бітіре сала «Ақшатау» совхозы басшыларының қолдауымен қыздардан құралған

ТРАКТОР ТІЗГІНДЕГЕН үш Ару



Гүлсім Тонтаева



Райхан Күйкенова



Қанаткүл Есімбекқызы

«Комсомолдың 50 жылдығы» атындағы тракторшы қыздар бригадасына қабылданды. Сол күндерден бастап, қара жердің қасиетін, маңдай тердің дәмін татып, еңбекпен шындала бастады.

Қашанда механизатор маманына зәру шаруашылық басшылары Қанаткүлді жылы қабылдады, жастығына қарамай, Т-40 тракторын сеніп тапсырды. Қанаткүл қыздардан құралған шабындық бригадасының бел ортасында жүрді. Олар шөп шапты, жер жыртты, орақ салды. Жаздың аптап ыстығында, күздің сызды жаңбырында да жұмыстан қалмайтын.

Қанаткүл апайдың бригадасы социалистік жарыстарда бірнеше мәрте жеңімпаз атанды. Ол жеке өзі де бірнеше алғысхат, «Құрмет грамотасымен» марапатталды. Еңбекте үздік шыққаны үшін мерекелік медальдармен марапатталды.

Көпшілікке пайдасы тиген адамды халық ұмытпайды. Қанаткүл Есімбекқызы ауылдық және аудандық кеңестерге депутат болып сайланды. Бұл — ел сенімінің белгісі. Ол әкімшілік пен халық арасындағы алтын көпір болды. Ауылдағы су, жарық, мектеп, мәдениет ошағы сияқты мекемелердің түйткілді мәселелерін көтеріп, әрдайым ел алдында жүрді, алға қойған мақсатын орындауда аянбады.

Ал екінші аяулы есім Гүлсім Тонтаева. Оның өмір жолы — қарапайым ауыл қызынан ел сеніміне ие болған қайраткер дәрежесіне дейін көтерілген қажырлы еңбектің айқын көрінісі. Әкесі Қарасу-Жылымсу аталатын жерде ауыл шаруашылығына адал еңбек сіңірген, табиғатпен етене тіршілік кешкен жан болған. Осындай еңбекті қадірлеген ортада өскен Гүлсім жастайынан еңбекке, жауапкершілікке, табандылыққа тәрбиеленді.

1953 жылдың сәуір айында бабаларының атамекені саналатын жер жәннаты Қарасу-Жылымсу деген нулы жерде дүниеге келген. Әке-шешесінің «өте керемет жер, талай адамды асыраған, жері өте тамаша, мал баққанда да, далада қысты күні өзінде де, қыстап шыға

беретін еді» деп айтып отыратыны есінде қалыпты. 1932 жылдың аштығында ел ішере ас таппай тентіреп жүргенде, қарасулықтар қыстан қысылмай шығып, жазда өзен бойымен шұбырған халыққа көмек жасағаны жайлы жазушы Кәмел Жүністеги «Құба белдер» трилогиясында айшықтап жазған болатын.

Балалық шағы 4-5 жасқа дейін Қарасуда өтті, жазда сиыршы ауылда, қыста колхоз орталығында қыстады. Анасы Әбілдақызы Бибікен сауыншы болып еңбек етті, әкесі Тыныбекұлы Тонтай өте еңбеккер жан болған.

Мектепті аяқтаған соң ол Қарағанды облысы Шет ауданындағы «Ақшатау» совхозында құрылған қыздардан құралған трактор бригадасына жұмысқа орналасты.

миссиясының мүшесі болып, қоғамдық-саяси өмірге белсене араласты. Оның еңбегі «Құрмет» орденімен марапатталуы — осы жолдағы адал қызметінің заңды нәтижесі.

Гүлсім Тонтаева республика көлемінде де танылды. Пионерлер жинаған металлом есебінен алынған ДТ-75 тракторы оның атына жазылып берілуі — соның бір дәлелі. Бұл — жастарға үлгі болған еңбек ерлігінің, ел сенімінің нышаны еді.

Трактор тізгіндеп, ел алғысына бөленген жанның бірі Райхан Бекетайқызы 1957 жылы дүниеге келді. К.Маркс атындағы онжылдық мектепті бітіргеннен кейін бірден еңбек майданына кірісіп кетті. Сол кездегі мектеп бағдар-



Гүлсімнің ағалары Нығмет пен Нығыбай да механизатор болып, ауыл шаруашылығына қызмет еткен білікті мамандар еді. Осындай отбасылық еңбек дәстүрі оның қалыптасуына үлкен ықпал етті. Гүлсімнің трактор бригадасындағы еңбегі көп ұзамай жоғары бағаланды. Ол бірнеше мәрте түрлі деңгейдегі конференцияларға қатысып, озат еңбек адамы ретінде танылды. Орталық комитеттен алған марапаттары оның еңбек-қорлығын, ұйымдастырушылық қабілетін, жауапкершілігін айғақтайды. Ол Мәскеу қаласында болып, КПСС-тің XIV съезіне қатысты.

Бұл — сол дәуірде санаулы еңбек озаттарына ғана бұйыратын үлкен сенім мен мәртебе еді. Сонымен қатар Гүлсім облыс көлемінде бес жыл бойы тексеру ко-

ламасындағы жақсы дәстүр, 9-10-сынып оқушылары міндетті түрде бір мамандық алып шығатын да, жоғары оқу орнына бармағандар немесе оқуға түсе алмағандар совхоз шаруашылығына емін-еркін араласа беретін.

Ақсу-Аюлы селосындағы №174 кәсіптік-техникалық училищенің бір филиалы «Ақшатау» совхозында орналасқан болатын. Оны бітіріп шыққан оқушылар үшінші класты тракторист-машинист мамандығын алып шығатын. Бір ғажабы, оқушыларға курсант есебінде стипендия төленетін. Мектепті бітіріп, трактор руліне отырғандар өзін бақытты сезінетін. Сондай жандардың бірі Райхан еді.

Шаруашылықта «Комсомолдың 50 жылдығы атындағы механизатор-қыздар бригадасы» құрылды. Жаз маусымының әр күні дүбірлі еңбекке толы. Қыздар бригадасын айтулы механизатор Рымтай Әбенова басқарды. Енді осы топқа келіп, Райхан Бекетайқызы қосылды. Мектептен алып шыққан білімі осы жерде кәдеге асты. Бірден шөп шабатын «КДП-4» агрегаты тіркелген «Т-40» тракторына отырды.

Науқанның қызып тұрған дер кезі. Г.Тонтаева, Қ.Есімбекова, Н.Балантаева сынды тісқаққан құрбыларының көмегімен мал азығын дайындаудың қыр-сырын меңгере бастады. Рас, бұл өзі ойлағандай оңай шаруа емес екен. Агрегат жүрісіне қадағалаумен қатар, оған күнделікті күтім жасаудың оңай емесін алғашқы күні-ақ байқады. Осы жерде анасына көмектесіп, қысы-жазы жанында жүргені кәдеге асты.

Трактор жүргізу бір бөлек те, шабындықтың таза шабылуына басқаша көзқараспен қарау керек екен. Агрегаттың зырылдап айналып тұрған бөлшектерінің дұрыстығын күнделікті тексеріп отырмасаң, шөп шабуға жауапты маман айналымнан шығарып тастайтынын алғашқы күні ескерткен. Аз күннің ішінде соның бәріне төселіп, кәдімгідей меңгере бастады. Тракторшылардың көпшілігінің жасы қырықтан асқан егде адамдар.

17-ге енді толған бұған сын көзбен қарайтынын іші сезеді. Алайда намысқа тырысып, өзінің нағыз еңбек адамы екенін көрсете білді. Күнделікті жұмыс нормасын еш қиындықсыз орындайтын күйге жетті. Мұның қайсарлығын көрген үлкендердің де көзқарасы түзеліп, қолы бос кездерінде шалғы алуға көмектесіп, майлауға да қол жәрдемін беретін болды.

Жылдар өте екпінді еңбегімен көзге түсіп, қоғамдық жұмыстарға тартыла бастады. Халықтық бақылау комитетінің мүшелігіне сайланды. 1976-1978 жылдар аралығында «Коммунистік еңбектің екпіндісі» атанды. Бірнеше рет ауылдық, аудандық кеңестің депутаттығына сайланды.

Қазір Райхан Күйкенова, Гүлсім Тонтаева арамызда жоқ болғанымен, ерен еңбектерімен есте қалды. Ал Қанаткүл Есімбекқызы болса немерелеріне адал термен келген нанның қадірі туралы өсиет айтып, өмір сүріп жатыр. Иә, әр ауылда осылай ақ-адал еңбегімен аты алысқа кеткен жандар баршылық. Бұл да қазіргі жастарға үлгі болмақ.

Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы



Мектепті бітіре сала «Ақшатау» совхозы басшыларының қолдауымен қыздардан құралған «Комсомолдың 50 жылдығы» атындағы тракторшы қыздар бригадасына қабылданды.

АЙМАҚ

21 АҚПАН 2026 | СЕНБІ

Кейінгі кездері киіктердің үдере көшіп, Қызылорда облысы аумағындағы елді мекендерге жақын жерлерде емін-еркін жайылып жүргені жиі айтылады. Әсіресе, Арал өңірінің халқы ақбөкендердің ауыл ішіне кіре бастағанын растап отыр.



А Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

АҚБӨКЕНДЕР

АРАЛДАН
АРАША СҰРАЙ МА?

Жалпы, биыл аралдық ағайын қыстың қытымыр мінезін сезінді. Қар қалың жауып, сонау 90-шы жылдардағы табиғаттың тосын құбылысының куәсі болды. Мамандар киіктердің ауыл маңынан жиі бой көрсетуін де осы қардың қалың жауғанымен байланыстырады. Өйткені ашатұяқтылар көп жағдайда ашығып, азық іздегенде ауыл шетіне жақындайтыны айтылады.

Ашыққан ақбөкендер көші елді мекендерге келіп қана қоймай, тіпті ауыл көшелеріне кіріп, тұрғын үйлерге жақын маңнан бой көрсете бастаған. Бұл жағдай жергілікті халық арасында алаңдаушылық тудырып, ауыл шаруашылығы мамандарын шұғыл шешім қабылдауға мәжбүр етті.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, мамандар мұны табиғи себептермен байланыстырып отыр. Әсіресе, қорек пен су тапшылығынан, яғни жайылым мен су көздерінің азаюынан, климаттың құрғау жағдайларынан орын алатын құбылыс деп түсіндіреді.

Шынында да, Арал өңірі бүгінде экологиялық тұрғыдан күрделі аймаққа айналып тұр. Қуаңшылық салдарынан жайылымның тозып, табиғи өсімдіктер түрінің сиреп бара жатқаны киіктердің өз мекенінен үдере көшуіне мәжбүр етуі бек мүмкін. Бұған кейінгі жылдары ақбөкен популяциясы-



ның күрт өсуі қорек тапшылығын туғызып, жайлы мекен іздеп, көш түзеуі заңдылық. Алайда Арал өңірі жұртшылығына ақбөкендердің ауыл ішіне келуі таңсық құбылыс болып, түрлі пікірлер туғызып жатыр.

Аталмыш мәселеге орай Арал ауданының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі тарапынан киік аңының үдере көшуі салдарынан Арал маңына жаппай шоғырлану құбылысын жоққа шығармайды. Бұл алғаш рет 2025 жылдың желтоқсан айының 25-інен киіктердің маусымдық көші-кон кезеңінен бастап көрініс тауыпты. Осыған байланысты «Охотзоопром» ӨБ РМҚК Қызылорда облыстық филиалының ин-

спекторларымен табиғатты қорғау және жануарлар дүниесін сақтау бағытында кешенді бақылау және қорғау жұмыстарын жүйелі түрде қолға алғанын алға тартады.

«Жалпы, киіктер үйірі Ұлытау өңірінің Қоскөл ауылдық округі аумағынан көш түзгені жайында болжам бар. Яғни, Бейнеу–Жезқазған теміржолының Байқоңыр, Көктал, Қоскөл, №11, №13, №14 бекеттері арқылы және Ақтөбе облысының Ырғыз ауданы бағытымен қозғалып, Қызылорда облысының Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш және Сырдария аудандары аумақтарына қоныс аударған. «Охотзоопром» Қызылорда өңірлік филиалы инспекторларымен жүргізілген бақылау нәтижелері бойынша облыс аумағында шамамен 60–65 мың бас киік (ақбөкен) шоғырланғаны анықталып, ресми есепке алынды. Киіктің жаппай миграциясы табиғи құбылыс болғанымен, олардың қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ету және антропогендік кедергілерді азайту – басты мін-

деттердің бірі», — деп мәлімдейді бөлім тарапынан.

Соған орай «Охотзоопром» Қызылорда өңірлік филиалы инспекторлары Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясымен және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, аталмыш аймаққа зерделеу жұмыстары жүргізілгенін алға тартып отыр. Нәтижесінде, жоғарыда айтып өткеніміздей, Арал ауданы Қарақұм ауылдық округі аумағындағы Бейнеу–Жезқазған теміржолының №11, №13, №14 бекеттері маңындағы киік көші-кон жолдарындағы сым кедергілерді алу жұмыстары жүргізілген. Бұл киік табындарының емін-еркін қауіпсіз қозғалуына мүмкіндік жасауға бағыттайтынын мәлімдеп отыр.

Негізінен, киіктердің Арал ауданына қарасты елді мекендерге және Арал қаласының шет аймақтарына кіріп кету деректерінің тіркелуіне байланысты 2026 жылдың 20-23 қаңтар күндері аралығында арнайы бірлескен іс-шара ұйымдастырған. Оған жергілікті

атқарушы органдары, «Барсақелмес» мемлекеттік табиғи қорығының қызметкерлері, орман шаруашылығы және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мамандандырылған мекемелердің мамандары, аудандық полиция бөлімі және «Охотзоопром» инспекторлары қатысқанын жеткізді. Жалпы, бас-аяғы 5 мекемеден 12 автокөлік пен 36 қызметкер жұмылдырылыпты. Соның негізінде киік аңының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және азықтандыру жұмыстары жүйелі жүргізілгенін алға тартады.

Осы ретте халықты алаңдатқан негізгі мәселенің бірі — Арал қаласының шет аумақтарына кірген киіктерді табиғи мекеніне қайтару мақсатында табиғатты қорғау және аудандық ветеринария мекемесінің мамандарының бірлесуімен нақты шаралар қабылданып, 10 бас киіктің аталығын қайтадан табиғи ортасына жіберу шарасы жүзеге асырылғанын айтады.

Қазір мониторинг қорытындысы бойынша, Арал ауданы аумағында шамамен 35 мың бас киік, сондай-ақ облысқа қарасты Қармақшы, Жалағаш, Сырдария және Шиелі аудандары аралығында 30 мыңға жуық киік шашыраңқы түрде шоғырланып жүр деген болжам бар. Оның ішінде киік табындарының басым бөлігі Жалағаш пен Сырдария аудандарының аумағындағы Құмкөл мұнай кешені маңында, яғни Сандықтау, Ақши және Байтен учаскелері төңірегінде топтасқаны анықталып отырғанын мәлімдейді.

Қалай дегенде де, табиғи миграция аясында Арал маңында мыңдаған жануардың қыстап жатқаны анықталып отыр. Мамандар тарапынан мұны табиғи құбылыс деп түсіндіргенімен, киік популяциясын сақтау, жануарларды қорғау бағытында тиісті шаралар тұрақты түрде жүргізіле беретінін жеткізді.

ЗАҢСЫЗ ӨНДІРІСТІҢ ЗАРДАБЫ

Түркістан облысында заңсыз алтын өндірушілердің жолы кесіліп, бұл бағыттағы қылмыстық әрекеттердің кезекті фактісі әшкереленді. Облыс прокурорлары мен құқық қорғау органдары бірлесіп, таяуда Созақ ауданында рұқсатсыз кен өндірумен айналысқан топты ұстады. Бұл оқиға еліміздегі жер қойнауын пайдалану саласындағы заң талаптарының сақталуы мен экологиялық қауіпсіздік мәселесінің өзектілігін тағы бір мәрте көрсеткендей.

А Назгүл НАЗАРБЕК,
Түркістан облысы

Тергеу материалдарына сәйкес, 12 адамнан құралған топ Созақ ауданы аумағындағы құрамында алтыны бар жер телімдерін өз бетінше игерген. Олар тиісті лицензиясыз және рұқсат құжаттарының жер қойнауын пайдаланып, жалпы көлемі 451 грамм алтын өндірген. Алғаш қарағанда, бұл мөлшер аса ірі болып көрінбеуі мүмкін, бірақ нарықтық сомасы 30 млн теңгеден асады. Егер бұндай әрекеттер жүйелі түрде жалғасатын болса, мемлекетке келтірілетін экономикалық шығын көлемі әлдеқайда ауқымды болары анық.

Сонымен қатар күдіктілер өндіріс барысында экологиялық талаптар мен өнеркәсіптік қауіп-

сіздік нормаларын сақтамаған. Бұл тек экономикалық құқықбұзушылық емес, сонымен бірге қоршаған ортаға және адамдардың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төндіретін әрекет болып саналады. Аталған факті бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 295-бабының 1 және 3-бөліктері бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталды. Бұл бап жер қойнауын заңсыз пайдалану және тиісті рұқсатсыз пайдалы қазбаларды өндіру фактілеріне қатысты жауапкершілікті көздейді. Егер кінә дәлелденсе, күдіктілерге айыппұл салу, мүлкін тәркілеу немесе бас бостандығынан айыру секілді жазалар қолданылуы мүмкін.

Қазір күдіктілердің бесеуі сот шешімімен ұйқамаққа алынған. Қалған тұлғаларға қатысты бұл-

тартпау шарасы тергеу барысында анықталуда. Тергеу органдары заңсыз өндірілген алтынның өткізілу арналары мен ұйымдастырушы тұлғаларды да анықтап жатыр.

Заңсыз кен өндірудің басты қауіпінің бірі — экологиялық тепеңдіктің бұзылуы. Арнайы техникалық талаптар сақталмаған жағдайда топырақтың құнарлылығы төмендеп, жер бедері өзгереді, жерасты сулары ластануы мүмкін. Мұндай әрекеттер ұзақмерзімді экологиялық зардаптарға әкелуі ықтимал. Бұдан бөлек, заңсыз өндіріс аймақ тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық жағдайына да кері әсер етеді. Ресми түрде тіркелмеген қызмет түрі салық төлеуден жалтаруға әкеліп, мемлекеттік бюджетке түсетін түсімдерді азайтады. Бұл өз кезегінде өңірдің инфрақұрылымын дамытуға, әлеуметтік бағдарламаларды қаржыландыруға кедергі келтіреді.

Мамандардың пікірінше, мұндай құқықбұзушылықтардың алдын алу үшін бірнеше бағытта кешенді шаралар қажет. Жер қойнауын пайдалану саласындағы бақылауды күшейту, қашықтан зондтау және геоакпараттық жүйелер арқылы мониторинг



жүргізу, халық арасында заң талаптары мен жауапкершілік туралы түсіндіру жұмыстарын арттыру қажет.

Сонымен қатар пайдалы қазбаларға бай өңірлерде жергілікті тұрғындарды заңды түрде жұмыспен қамту мәселесін шешу де маңызды. Бұл заңсыз табыс көздерін іздеудің алдын алуға ықпал етеді. Созақ ауданында анықталған бұл дерек жер қойнауын қорғау мен заң талаптарын сақтаудың маңызын айқын көрсетті. Табиғи ресурстар — мемлекеттің стратегиялық байлығы. Оларды заңсыз өрі бейберекет пайдалану тек экономикалық шығын ғана емес, болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілікке де нұқсан келтіреді. Сондықтан құқық қорғау орган-

дарының мұндай заңбұзушылықтарға тосқауыл қоюы — тұрақты даму мен экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды тетігі.

Заңсыз алтын өндіру бойынша бір ғана Созақ ауданындағы деректі келтіріп отырмыз. Алайда басқа өңірлерде де осындай құқықбұзушылық деректері тіркелген. Лицензиясыз кен орындарын игеру, экологияға зиян келтіру, салықтан жалтару және табиғи ресурстарды «қара нарық» арқылы шығару фактілері әлі де жиі кездеседі. Табиғи ресурстар мемлекеттің стратегиялық байлығы екенін ескерсек, оларды заңсыз игеру тек экономикалық шығын ғана емес, экологиялық теңсіздік пен әлеуметтік проблемаларға да алып келеді.

БІЛІМ МЕН БИЗНЕСТІҢ БӘСЕКЕСІ

Бүгінде елімізде жекеменшік мектептердің саны күн санап артып жатқаны жасырын емес. 2018 жылдан бастап білім саласына ентелеп енген жаңа бағыт өздеріне жүктелген міндетті орындай алды ма? Әлде білім саласы бизнес көзіне айналап, жеке кәсіпкерлердің қалтасын қалыңдатты ма?

А Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Оқу-ағарту министрі Жұдыз Сүлейменованың айтуынша, жекеменшік мектептерге қатысты біраз түйткіл бар екен. Әсіресе, жеке кәсіпкерлер бастапқыда басқа мақсатта салынған ғимараттарды мектеп ретінде пайдаланып, балалардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндіріп отырған көрінеді.

Бұл сөзді еліміздің Қаржы министрі Мәди Тәкиев те қуаттай түсіп, жекеменшік мектеп ашқандар күн санап байып жатқанын меңзепті. Оның сөзінше, 2023-2024 жылдары 116 азамат ел аумағынан 895 жылжымайтын мүлік сатып алған екен. Олардың барлығы жекеменшік мектептердің жетекшілері мен құрылтайшылары болып шыққан. Сонымен қатар 66 жекеменшік мектеп иелері өз атына 192 қымбат автокөлік тіркеген.

Міне, осындай ашық мәлімдемелерден кейін құзырлы органдар жекеменшік мектептерге кешенді тексеру жүргізуді қолға алды. Ақпан айында Бас прокуратура мен жергілікті атқарушы органдар жекеменшік мектептерді жаппай тексеруді бастады. Тексеру барысында білім беру лицензиясы, материалдық-техникалық базасы, оқу бағдарламалары және кадрлық қамтамасыз етілуі жан-жақты қаралады. Егер қандай да болмасын заңбұзушылық анықталса, білім беру мекемесінің есігіне қара құлып салынбақ. Десе де, құзырлы орган өкілдері тексерістердің негізгі мақсаты жекеменшік мектептерді жабу емес, тәртіпке шақыру екенін алға тартты.

Ресми мәліметке сүйенсек, Үкімет лицензиясы бар жекеменшік мектепке баратын әр оқушыға 500-700 мың теңге аралығында

төлейді. Мемлекеттік қаржыландыру оқушының қай сыныпта оқитынына байланысты өзгеріп тұрады. Мемлекеттен бөлінетін субсидиядан бөлек, әр ата-ана баласын жекеменшік мектепке бергені үшін ай сайын тағы төлем төлеуге тиіс. Сонда қомақты қаржы шығып отыр.

Жамбыл облыстық Білім басқармасы берген мәліметке сүйенсек, аймақта 531 орта білім беру ұйымы тіркелген, оның 73-і жекеменшік мектеп. Онда 17 119 бала білім алуда. Осы 73 жекеменшік мектепке 2025 жылдың қыркүйек-желтоқсан айлары аралығында 4,1 млрд теңге төленген. Ал биыл бұл төлем жүйесі жалғасын тауып, жекеменшік мектептерді қаржыландыруға 12,5 млрд теңге қарастырылып отыр. Байқап тұрсаңыздар, аз ақша емес. Миллион емес, миллиард теңгелер. Бейне бір балға бармақ батып тұрғандай. Бұл тек Үкіметтен берілетін субсидия көлемі. Ал бұған әр ата-ана ай сайын төлейтін 100-150 мың теңгені тағы қосыңыз.

Әрине, байыбына бармай жатып байбалам салудан аулақпыз. Алайда жекеменшік мектептер осы таңға дейін «қайдан құлақ шығарсам да өз еркім» деп келгені жасырын емес. Оған қоса, олардың түсімдері мен шығындарын ешкім тексеріп келген жоқ. Сондықтан жекеменшік мектептердің иелері білімнің сапасын емес, жеке қалтасын ойлап кетулері де бек мүмкін. Жалпы, жекеменшік мектептерге қатысты қазір мамандар мен ата-аналардың ойы әртүрлі.

— Жекеменшік мектептерге оқу ақысын төлегендіктен, ондағы баға маңызды болмай қалады. Яғни, баланың білім сапасын бағалау, оны ынталандыру деген дүниелер қалып кетеді. Содан кейін баланың оқуға деген құлшы-



нысы азайып, күнделікті сабаққа барып-келсем де жетеді деген түсінік қалыптасады. Бұны көп ата-ана байқай бермейді. Ал жекеменшік мектептердің басшылығы ақша төленсе болды, басқаға бас қатырғысы келмейді. Кейде жекеменшік мектептерде математика пәні тереңдетіліп оқытылады. Бірақ көп жағдайда балалардың мұндай тереңдетілген сабаққа бейімі болмайды. Содан барып,

жаңа оқыту методикалары мемлекеттік мектептерге де келіп жатыр, — дейді жекеменшік те, мемлекеттік мектепте де ұстаздық еткен Көрпеш Байжарас.

Ал қызын жекеменшік мектепке беріп отырған Меруерт Өсерованың айтуынша, баласының жайлы ортада сапалы білім алуы маңызды.

— Жекеменшік мектептерде сыныптағы оқушылардың саны аз

сымша дайындайды. Ал сабақ соңында үйге жеткізіп тастайды. Бұл таңнан кешке дейін жұмыста жүретін ата-аналар үшін қолайлы. Бірақ ақылы мектептерде алаңдайтын бір нәрсе бар. Онда мұғалімдер жиі ауысып жатады. Ал оқу процесінде ұстаздардың тұрақтамауы баланың біліміне тікелей әсер ететіні анық, — деді көпбалалы ана.

Жекеменшік мектептердің көбеюі мемлекеттік мектептердің жүктемесін азайтып отырғаны рас. Сонымен қатар білім ордаларының арасында бәсекелестік туғызып, білім сапасының артуына аз да болса ықпал етіп отыр. Десе де, жекеменшік мектептерге қатысты дау жыл сайын туындайды. Мәселен, былтыр Тараз қаласында жүздеген оқушыны қабылдап қойған жекеменшік мектептің лицензиясы болмай шығып, балалар оқу жылының ортасында далада қалған еді. Абырой болғанда, бұл іске жергілікті билік пен білім бөлімінің мамандары араласып, әр баланы бұрынғы мемлекеттік мектептеріне орналастырды.

Жекеменшік мектептерге қатысты жауабы айтылмаған сауал көп. Алдағы уақытта тексерістердің қорытындылары қалай болып шығары белгісіз. Дегенмен біраз қулық пен сұмдықтың беті тағы ашылатын сынайлы.



Жамбыл облыстық Білім басқармасы берген мәліметке сүйенсек, аймақта 531 орта білім беру ұйымы тіркелген, оның 73-і жекеменшік мектеп. Онда 17 119 бала білім алуда. Осы 73 жекеменшік мектепке 2025 жылдың қыркүйек-желтоқсан айлары аралығында 4,1 млрд теңге төленген.

баланы күштеп оқытып, тағы сағын сындырамыз.

Мемлекеттік мектептерде әділдік бар деп ойлаймын. Онда баға да, оқушының талабын бағалау да шынайы. Ата-анаға баласын бақылауға мүмкіндік мол. Күнделікті сабағын тексеріп тұра алады. Кейінгі кезде жекеменшік мектептердегідей тереңдетіп оқыту, заманауи құрылғылар сияқты

болғаннан кейін мұғалім әр балаға жеке көңіл бөле алады. Оқу процесін тиімді ұйымдастырып, баланы алға қарай жетелейді. Сонымен қатар қаржысын төлеп отырғаннан кейін білім сапасы мен баламыздың қауіпсіздігін талап ете аламыз. Тағы бір айта кетерлігі, жекеменшік мектептерге ақшасын төлесен, баланды кешке дейін үйірмелерінде қо-

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ТМРҚД «ТЕМІРЖОЛСУ - АҚТӨБЕ» ЖШС-НЫҢ ӨТІНІМДЕРІ БОЙЫНША ЖАРИЯ ТЫҢДАУЛАР ӨТКІЗЕДІ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы облысы бойынша департаменті «Теміржолсу-Ақтөбе» ЖШС-ның Атырау, Құлсары қалалары бойынша таратушы желілері арқылы су беру, Атырау учаскесі бойынша ағынды суларды бұру және тазарту, Ақжайық, Құлсары, Сағыз станциялары бойынша жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және онымен жабдықтау қызметтеріне тарифті және тарифтік сметаларды бекітуге арналған өтінімдерін қарау бойынша жария тыңдаулар өткізеді.

Жария тыңдау тарифті бекітуге немесе өзгертуге өтінімді қарау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген міндетті рәсім болып табылады.

Оларды өткізу ашықтықты қамтамасыз етуге, тұтынушылардың пікірлерін ескеруге және тарифтерді бекіту кезінде әділеттілік қағидаттарын сақтауға бағытталған.

Жария тыңдау 2026 жылғы 2 наурызда, сағат 10:00-де ZOOM платформасы арқылы (идентификатор: 854 7676 1918, код: 8yhT95) онлайн өтеді.

Сонымен бірге жария тыңдау параллельді түрде онлайн режимде Facebook әлеуметтік желісіндегі департаменттің ресми парақшасында көрсетілетін болады: <http://www.facebook.com/10015441583508>.

Департамент мәслихаттардың депутаттарын, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мемлекеттік органдардың, тұтынушылар мен олардың қоғамдық бірлестіктерінің өкілдерін, тәуелсіз сарапшыларды, бұқаралық ақпарат құралдарын және өзге де мүдделі тұлғаларды жария тыңдауға қатысуға шақырады.

Сонымен қатар Үкіметтің тарифтердің өсуін тежеу жөніндегі жұмысы аясында 2026 жылдың бірінші тоқсанының соңына дейін халық үшін табиғи монополия субъектілерінің қызметтері бойынша тарифтердің көтерілуі жоспарланбайды.

Анықтама үшін телефон: Департамент – 8(7132) 55-73-38.

Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Қаныш Сәтпаев атындағы канал» филиалы, БСН 110941009767, Павлодар облысында Май ауданы Баскөл ауылында орналасқан 182 171,92 текше метр (278 905,26 тонна) көлемінде өзен (құрылыс) құмын бағаны төмендеуге аукцион тәсілімен сату бойынша №432471 сауда-саттық өткізілетіні туралы хабарлайды. Аукционның басталу күні мен уақыты – 2026 жылғы 11 наурыз күні сағат 11:00-де. Өтінімдер мүлкті сату бойынша электрондық сауда-саттық ақпараттық жүйесінің <https://payda.e-qazyna.kz> веб-порталы арқылы қабылданады.

СПОРТ STYLE

21 АҚПАН 2026 | СЕНБІ

МИЛАН – КОРТИНАДАҒЫ ҚЫСҚЫ ОЛИМПИАДАНЫҒЫ БІТУІНЕ САНАУЛЫ КҮН ҚАЛДЫ. КҮНІ КЕШЕ СОҒҒЫ ҮМІТІМІЗ БОЛҒАН ШОРТ-ТРЕКШІЛЕРІМІЗ БЕН МӘНЕРЛЕП СЫРҒАНАУШЫ СОФЬЯ САМОДЕЛКИНА ЖАРЫС ЖОЛЫН АЯҚТАДЫ. БҰҒАН ДЕЙІНГІ ТАЛАЙ ЖАРЫСТА ЖҮЙРІК АТАНҒАН ШОРТ-ТРЕКШІЛЕРІМІЗ БИЫЛ ЖҮЛДЕСІЗ ҚАЛДЫ. АЛ СОФЬЯ ҚЫЗЫМЫЗ ӨЗ НӘТИЖЕСІН ЖАҒАРТЫП, ҮЗДІК ОНДЫҚҚА ТАБАН ТІРЕДІ.

А Әсет ҚАЛИ

ШОРТ-ТРЕКТЕ ШЕГІНІС БАР МА?

Олимпиаданың алғашқы күндерінен бастап шорт-трекшілеріміз жаппай құлады. 1000 метр қашықтықта Денис Никиша бастаған топ мәре сызықтарына бірінші болып келе алмады. Оның бір себебі отандастырымызға бұл қашықтықтың оң жамбасына келмеуі. Иә, спортта икемге келетін бағдарламалар бар. Бір спортшылар барлық бағдарламада үздік болса, енді бірі тек өзіне сай, дайындығы тек осы бағдарламаға құрылған болады.

Ал келесі 500 метр қашықтықта ел намысын Денис Никиша мен Абзал Әжіғалиев қорғаған еді. Ширек финалда Денис Никиша өз жарысында үшінші болып мәреге жетсе де, келесі айналымға жолдама алды. Ережеге сәйкес, жартылай финалға өз тобында алғашқы екі орын алған спортшылар, сондай-ақ үшінші орын иеленгендер арасынан уақыт көрсеткіші ең үздік екі шорт-трекші өтеді. Уақыт нәтижесінің арқасында Никиша келесі кезеңге жолдама алды.

Жартылай финалда Никиша екінші топта сынға түсті. Алайда бұл кезеңде төртінші нәтиже көрсетіп, А финалына өте алмады. Ереже бойынша А финалына шығу үшін спортшы өз жартылай финалында алғашқы екі орынның бірін алуы немесе үшінші орын иегерлері арасында үздік уақыт көрсетуге тиіс болатын. Осылайша, қазақстандық спортшы В финалында өнер көрсету мүмкіндігіне ие болды.

В финалында 6-10-орындар сарапқа салынды. Шешуші жарыста Никиша екінші нәтиже көрсетіп, жалпы есепте жетінші орынға тұрақтады.

Бұл қашықтықта алтын жүлдені канадалық Стивен Дюбуа жеңіп алса, нидерландтық Мелле ван т Ваут пен Йенс ван т Ваут жүлделі орындардан көрінді.

Ал Абзал Әжіғалиев ширек финалда бесінші болып, жарыс жолын аяқтады. Осылайша, Қазақстан құрамасының көшбасшысы Денис Никиша Олимпиаданы жетінші орынмен аяқтаса, Абзал Әжіғалиев 500 метрлік бағдарламада ширек финалға дейін жетті.

Спорт журналисі Руслан Меделбектің айтуынша, спортшыларымызға қойылған мақсат орындалмады.



МҮЗ БЕТІНДЕГІ МҮН

— Қазақстан шорт-трекшілерінің соңғы Олимпиададағы нәтижесі 2014, 2018 және 2022 жылдармен салыстырғанда төмен екені анық байқалады. Біріншіден, Қазақстан құрамасы 2014 жылдан бері Олимпиада ойындарында 5000 метрлік эстафетаға жолдама ала алмай келеді. Бұл бәсекеге әлемнің ең үздік сегіз құрамасы ғана қатысады. Салыстырып қарасак, 2014 жылғы Олимпиадада Қазақстан 5000 метрлік эстафетада А финалына дейін жеткен еді. Ал 2018 жылғы Олимпиадада 500, 1000, 1500 және 5000 метр қашықтықтарының барлығына спортшылар апарылды. Екіншіден, 2022 жылғы Олимпиада ойындарында 1500 метр қашықтықта финалға дейін жеткен Әділ Ғалиахметов бұл жолы Олимпиадаға мүлде қатыса алмады. Яғни, көшбасшылардың бірі қатардан тыс қалды. Бұл қандайда стратегиялық мақсаттардың толық орындалмағанын білдіреді, — дейді сарапшы.

Оның айтуынша, қазір құрамада жас спортшылардың дәурені келе жатыр.

— Қазір ұлттық құрамада буын алмасу процесі жүріп жатыр. Абзал Әжіғалиев пен Денис Никиша үшін бұл соңғы Олимпиада болды. Енді Әділ, Мерсаид, Дінмұхамед, Зейнеп, Алина, Богдан сынды жас спортшыларға үміт артылады. Ізбасар жоқ емес, бар. Шорт-тректен мықты спарринг қарсыласыз, ішкі бәсекесіз нәтиже күту қиын. Мәселен, Нидерланд, Канада, Корея, Қытай, Италияда бірнеше құрам жұмыс істейді. Ішкі бәсеке өте жоғары. Спортшылар бір-біріне тұрақты спарринг болып, денгейін үнемі көтеріп отырады. Қазақстанға дәл осы ішкі бәсеке жетіспейді. Құрама ішінде тартыс болмаса, халықаралық аренада медаль үшін күресу де қиындайды. Олимпиада

стандық мәнерлеп сырғанаушы Михаил Шайдоров алтын алғаннан кейін, шорт-тректен де көпшілік медаль күтті. Дегенмен қолымнан келгеннің бәрін жасадым. Осы спорттың елімізде дамуына өз үлесімді қостым деп санаймын. Еңбек еттім, халықаралық жарыстарда жеңіске жеттім. Қазақстанда да мықты шорт-трекшілер бар екенін дәлелдедім деп ойлаймын, — деді Абзал Әжіғалиев.

СОФЬЯНЫҢ ЖАҒА БЕЛЕСІ

Төрт жылдықтың басты додасында Михаил Шайдоров бөркімізді ас-

Әрине, мұндай қолдау үлкен күш береді. Саған қол соғып, сол энергияны сезінгенде, өзінді еркін ұстайсың. Сондықтан баршаңызға алғысымды білдіріп, көп рақмет айтқым келеді.

Олимпиадада өнер көрсетуді бір ауыз сөзбен айтып жеткізу қиын. Әсіресе, еркін бағдарламадан кейін көңілің толқып, жүрегің алып-ұшып тұрады. Осында жүргеннің өзі — зор бақыт, ал бәрі ойдағыдай болғанда қуанышың тіпті еселене түседі. Менің арманым орындалды деп айта аламын. Барша адамға армандап, сол арманына сенуді тілеймін. Сол кезде ол міндетті түрде орындалады, — дейді Софья Самоделкина.

Ол жарыс барысында қысқа бағдарламадан кейін 12-орында тұрған еді. Еркін бағдарламада Самоделкина төрешілердің шешімімен 138.99 ұпай жинады. Қос бағдарлама қорытындысы бойынша 207.46 ұпай еншілеп, жеке рекордты жаңартты. Нәтижесінде, қазақстандық спортшымыз үздік ондықты қорытындылады.

Ал қарсыластарымыз Алиса Лью (АҚШ) 226.79 ұпаймен алтын медаль жеңіп алса, екінші орынды Каори Сакамото (Жапония) иеленді. Ами Накаи (Жапония) 219.16 ұпаймен қола медальға ие болды.

Спорт журналисі Руслан Меделбек Софьяның өнеріне өз бағасын берді.

— Софья Самоделкина бұл жарыста өз мүмкіндігінен де жоғары деңгейде өнер көрсетті деуге толық негіз бар. Бұған дейін Гран-при кезеңдерінің бірінде күміс жүлде иеленгенде қос бағдарлама қорытындысы бойынша 200 балл жинаған еді. Ал бұл жолы нәтижесін 207 ұпайға дейін жақсартты. Бұл — спортшының техникалық та, компоненттік те өсімін көрсететін өте жақсы көрсеткіш.

Соған қарамастан, жүлдеге таласу қиынға соқты. Себебі басты қарсыластарының мұздағы техникалық элементтері де, бағдарламаның көркемдік компоненттері де жоғары бағаланды. Жалпы алғанда, Олимпиада ойындарында үздік ондыққа ену — аса жоғары нәтиже. Әлемнің мықтылары жиналған долада топ-10 қатарына кірудің өзі үлкен жетістік екені сөзсіз, — дейді спорт журналисі Руслан Меделбек.

Қорыта айтқанда, өтіп жатқан Олимпиада біздің қысқы спортымыздың ахуалын айқын көрсетіп отырғандай. Шорт-тректе бұрынғы жылдардағыдай ауқымды нәтижеге қол жеткізе алмақ та, басқа да мүмкіндіктерге жол ашылып жатыр. Оның бір дәлелі Софьяның жеке рекордты жаңартып, әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті екенін көрсетуі. Шорт-тректе жас буын қалыптасып келеді. Яғни, нәтиже көңіл көншітпеген тұстар болғанымен, толық тоқырау туралы айтуға негіз жоқ.

жүлдесі — тек жеке шеберліктің емес, жүйелі дайындық пен ішкі бәсекеңнің жемісі. Ал бұл бағытта әлі де атқарылар жұмыс көп, — дейді Руслан Меделбек.

Шорт-трекші Абзал Әжіғалиев Олимпиададағы жанкүйерлердің қолдауы ерекше сезілгенін тілге тиек етті.

— Басты мақсатым осы қашықтықта финалға дейін жетіп, жүлде алу еді. Мен әр Олимпиадаға медаль үшін барамын. Бұл жолы онай болған жоқ. Соған қарамастан,



барлық іріктеу кезеңдерінен өтіп, ел намысын абыроймен қорғадым деп ойлаймын. Бұл — менің төртінші Олимпиадам. Әр долада қазақстандық жанкүйерлерді қуантуға тырыстым. Өкінішке қарай, бұл жолы ол мақсатқа жете алмадым.

Сондай-ақ жанкүйерлердің қолдауы ерекше сезілді. Қазақ-



панға лактыртып еді. Енді Мишаның ізін жалғап Софья Самоделкина да өз өнерімен көпті тәнті етті. Қайсар қызымыз өз нәтижесін жаңартып, Олимпиада алдында қойған мақсатын орындады. Отандасымыз осы жарыста бар күшін салғанын айтып, жанкүйерлерге ыстық лебізін жеткізді.

— Қазіргі деңгейіме сай өнер көрсеттім. Дайындаған бағдарламамды толық орындадым. Сондықтан өте бақыттымын.

Жанкүйерлердің қолдауы өте керемет. Әр жарыста соған қайта-қайта таңғаламын. Әлеуметтік желілерде Қазақстаннан арнайы ұшып келіп, қолына ту ұстап, мені қолдаған адамдардың бейнежазбаларын көріп жүрмін. Тіпті тәтем мен немере ағам мені қолдау үшін Германиядан арнайы келді.

AMANAT
MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі - «Айқын-Литер» ЖШС

Директор -
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор -
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС -
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ -
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА -
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛТЫНСАЙҒЫЛЫ -
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ -
Алматы қаласы
Сағхан САТЫЛҒАН -
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ -
Қарағанды облысы
Назгул НАЗАРБЕК -
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА -
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ -
Қызылорда облысы
Банн ЖАНҰЗАҚ -
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін - 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін - 55102
Жеке жазылушылар үшін - 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4708

Астана қ., «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ., «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,